

Мектептегі мерекелер

№2 (176) 2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Н. Баймурзина. Ұстаз – ұлы тұлға	3
Г. Жолдыбаева. Тәрбиелік шаралар – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы	5
А. Құйқалақова. Дарынды шәкірт – білікті ұстаздан	8
А. Абдуллина. Үйірменің үйретері көп	10
К. Талапбаева. Тәуелсіздік – тұғырым	12
А. Туешева. Тәуелсіздік тірегім!	14
А. Бақтиярова. Қазыбек бидің 355 жылдығы	16
А. Бирмаганбетова. Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем	18
Қ. Досмагамбетова. Мемлекеттік рәміздер – ұлттың мақтанышы	20
М. Нургазиева, А. Аман. Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы» тақырыбында сынып жетекшілер семинары	22
Г. Умарова. Тілге құрмет – елге құрмет	24
А. Туякбаева. «Ән әлемінің падишасы» Роза Бағланованың 100 жылдығы	25
А. Капин. Тәрбие тал бесіктен басталады	27
Г. Нұрлан. Қыз – ұлттың ұяты, халықтың шырайы	28
Б. Асубаева. Ұстаздар – асыл жандар	30
А. Әшімова. Зияткер ұрпақ – ұлттың үміті	31
Г. Сайын. Әдептілік – әдемілік	33
Ж. Садыкова. Алматы – менің жүрегімде	35
К. Сисенғалиева. Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!	37
Ж. Серғазиева. Ұланымыз ұлы елдің	39
А. Жетписова. Еңбек түбі – береке	40
Н. Қуанғалиқызы. Әжелер сөзі – ақылдың көзі	42
Ж. Тыныштықбайқызы. Жаңа жылдық кеш	44
А. Муратова. Берекелі Алтын күз!	45
М. Қосанова. Ормандағы Алтын күз	47

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
13.02. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –**
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Ұстаз – ұлы тұлға



Назигуль
Кадиржановна
БАЙМУРЗИНА,
Тасөткел орта
мектебінің директоры.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.

Ұстаз... Қандай қасиетті де қадірлі сөз! Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі – ұстаз. «Ұстаздан тәрбие алған», «Ұстаздың алдын көрген» деген сөздер «ана тәрбиесін алған» деген сөзбен ұштасып тұрғандай. Алғаш рет қолыңа қалам ұстап, өмірге бейімдеп, әлемді танып, қыр-сырын меңгеруге, өмірдің сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниенді нұрландырып, адамдыққа баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алатыны шындық. Ұстаз әр баланың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін өз үлесін қоса отырып, жүрегіне білім нәрін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты үлкен ғаламға қанатын қатайтып ұшырады. Тасөткел орта мектебінің ірге тасы 1962 ж. «Тасөткел» совхоз болып қалыптасқан уақытта бой көтерген киелі шаңырақ. Осы қара шаңырағымызға 60 жыл толса, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа типтік мектепке көшіп, жаңа екпінімен жаңа ғимаратта өсіп келе жатқанымызға биыл 10 жыл толғалы отыр.

Қазіргі кезде білім ордасында бар өмірлерін ұстаздық жолға арнап, қанша-

*Осы соңғы 10 жылдағы
мектебіміздің тарихынан сыр
шертсек,*

*2013 жылдың 1 қыркүйегінен
бастап «Тасөткел орта мектебі»
ұжымы талай белестерден өтті. 2021
жылға дейін мектептің директоры
болып қызмет атқарған Жолдыбаева
Гүлсайран Молдабайқызы білім
ордасының өсіп өркендеуіне зор үлесін
қосты.*

ма шәкірттерге жол сілтеп, ғылым мен білім, өнер әлеміне қанат қақтырған ұстаздарымыздың арқасында мектебіміздің абыройы артып, даңқы биіктеп келеді.

Мектепте 29 мұғалім жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта мектептің оқу-тәрбие жұмысын директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары А.Е. Құйқалакова, тәрбие жұмысын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ф. Жолдыбаева, мектеп шаруашылығын шаруашылық меңгерушісі З.Т. Рахымжанова басқарып келеді. Мектепте мақсаты айқын 4 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды. Бірлестік жетекшілері Қ.С. Досмағамбетова, А.А. Бирмағамбетова, К.Б. Сисенғалиева, А.К. Көлтаева.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей бойындағы бар асыл ізгі қасиеттерін шәкірт бойына сіңіріп, жылдар бойы тер төгіп келе жатқан Л.К. Туякбаева, Р.А. Жумагулова,

Б.А. Бегежанов, Ж.К. Жемсалина, Л.С. Жетписова, Қ.С. Досмағамбетова, К.Т. Талапбаева сияқты озық тәжірибелі ұстаздарымыздың еңбегі ерен.

Білім беру саласында тынбай еңбек етіп, өз ісін жетік меңгерген Г.С. Умарова, Г.Ф. Жолдыбаева, А.А. Бирмағамбетова, В.Т. Кайрбаева, К.Б. Сисенғалиева, Н. Қуанғалиқызы, И.А. Изимова, М.Т. Қосановадай ұлағатты ұстаздарымыз білімді, білікті шәкірттер тәрбиелеп, әр баланың жүрегінен орын ала білді.

Оқушыларға саналы білім берумен қатар саналы тәрбие беру жолында А.Е. Бақтиярова, Ж.Б. Серғазиева, А.Қ. Көлтаева, А.А. Капин, Е. Жеңісұлы, А. Рахымжанова сынды жас мұғалімдер де алғашқы еңбек жолдарын осы мектептен бастап әлі күнге дейін қызмет етіп келеді.

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім...»

Мектебіміздегі мұғалімдердің педагогикалық жолындағы үлкен ізденісі мен білім саласындағы адал қызметінің нәтижесі де елеулі болды.

Тасөткел орта мектебі жанындағы шағын орталық жұмыс жасайды. Шағын орталықтың жұмысын жүргізуде жас мамандарымыз А.С. Туешева, А.М. Мұратова, Ж. Тыныштықбайқызының еңбектері өлшеусіз.

Білікті ұстаздарымыз аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен сайыстар, олимпиадаларға қатысып біраз жетістіктерге қол жеткізді.

Сонымен қатар ұстаздарымыздың педагогикалық іс-тәжірибелерімен бөлісу мақсатында облыстық республика-

лық көлемдегі әдістемелік құралдармен электронды орталар шығарып, түрлі әдістемелік семинарлар мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Мектебіміздің шығармашылық ізденістегі ұстаздары «Қазақстан ұстазы», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Білім көкжиегі», «Білім кілті», «Мектептегі тәрбие» сияқты республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналдарға жұмыстарын жариялап іс-тәжірибелерін таратты.

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, бар өмірін саналы өнегелі ұрпақ тәрбиелеуге арнаған ұстаздарымыздың мектептен түлеп ұшқан түлектері Қазақстанның түпкір-түпкірінде биіктерден көрініп, беделді жерлерде қызмет атқарып жүрсе, кейбір түлектеріміз жоғары оқу орнында білім алуда.

Қазіргі таңда мектепте 115 оқушы білім алып жатыр. Олардың ішінде аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрген дарынды, талантты оқушыларымыз да бар. Биыл мектебімізден түлеп ұшқалы отырған 11-сынып оқушысы Бермағамбет Қаракөз Кәрімқызы «Алтын белгі» аттестатына үміткер және де көптеген байқаулар мен олимпиада жүлдегері.

Шәкірттерін сарқылмас білім нәрімен сусындатып отырған жаңашылдыққа, шығармашылыққа жаны құштар тәуелсіз еліміздің ұлағатты ұстаздары арқасында алтын ұямыздың тұғыры биік, абыройы асқақ болатынына сенімдімін.

Тәрбиелік шаралар – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы



**Гулжанат
Фазылбековна
ЖОЛДЫБАЕВА,**
Тасөткел орта мектебі
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.
Тасөткел ауылы,
Хромтау ауданы.
Ақтөбе облысы.

Тасөткел орта мектебінде тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды. Тәрбие жұмыстар мен барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, кең ауқымда кешенді түрде жүзеге асырылады.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының 8 бағыты арқылы өтеді.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматтық қалыптастыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отаным – тағдырым», «Атамекен» бағдарламаларындағы бағытқа лайық іс-шаралар өткізу.

Мектебімізде 20 қараша балаларды

қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында 8-20 қараша күндеріне онкүндік іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Іс-шаралар жоспары негізінде 9 қараша күні «Бақытты бала. Бақытты ата-ана. Бақытты отбасы» тақырыбында сурет шеруі 3-4 сыныпта ұйымдастырылып, мектептің инстаграмм парақшасында жарияланды.

11-15 қараша күндері сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушыларына «Бақытты балалық шақ», «Менің құқығым», 18 қараша күні «Құқықты тәрбие дегеніміз не?» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өз құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыра отырып, бала құқықтарын білуге үйрету. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ қалыптастыру. Шара аясында мектебіміздің 9-11 класс оқушылары дене шынықтыру мұғалімі А.А. Капиннің жетекшілігімен Ақжар орта мектебінде ұйымдастырылған «Спорт және денсаулық» тақырыбында өткен футболға қатысып, жүлделі 3-орынға ие болды. 17 қараша күні психолог А.Қ. Көлтаева 8-сынып оқушыларына «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Еліне, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1-11 сыныптарда бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубы биылғы жылы да өз жұмысын жалғастырып, белсенді жұмыстар атқаруда. Мектеп

дәлізінде «Парасатты азамат» бұрышы, «Адалдық дүкені» жасақталды.

Қыркүйек айында ІІБ-ның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аға инспекторы Қ.Т. Мырзагелдин және Айғалқа Айгеріммен «Құқықбұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар учаскелік полиция Ж. Кадіржанұлының қатысуымен ұлдар арасында жиналыс өткізілді. Жиналыста оқушыларға өз құқығы мен міндеттері және мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуын ескертті.

Қыркүйек айында жоспарға сай бастауыш сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережелерін сақтаймыз!» атты айлық өткізілді.

Екінші бағыт — Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: «Рухани жаңғыру» құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен дәстүрлерімен келісіледі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес іс-шаралар қарастырылуы керек.

Алдымыздағы бүлдіршіндердің ел намысын қорғап азамат, жеке дара тұлға болып қалыптасуы тікелей бізге яғни педагогтарға байланысты екені анық. Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту бағытында арнайы тәрбиелік жұмыстар жүргізілуде. Рухани-адамгершілік және этика-эстетикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында: «Әдептілік — адамгершілік бастауы», «Әдепті елдің баласы...» атты тәрбие сағаттарын 1-11 сынып жетекшілері өткізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асыры-

лып, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы, Дулат Исабековке 80 жыл толуына, Қаз дауысты Қазыбек биге 355 жыл толуына, Роза Бағланованың 100 жылдығын атап өту мақсатында тәрбие сағаттар, әдеби көрме, пікірсайыс турнирі өтілді. «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Бірлік» еріктілер клубының және әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына сәйкес «Мектепке жол», «Біз біргеміз!», «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциялары өтілді.

Тіл мерекесіне орай қоғамдық-гуманитарлық бірлестігімен бірге «Тіл мерейі — ел мерейі» атты сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Барлық сынып оқушылары белсенді қатысып, үздік деп танылған оқушылар марапатталды.

Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстазға тағзым!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында кішкентай бүлдіршіндер ұстаздарға арналған өлең шумақтарын айтып, би билеп, ән шырқап өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар 5-8 сынып оқушылары Ұстаздар күніне арналған газеттер шығарып, ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап жылы лебіздерін білдірсе, 9-11 сынып оқушылары әлеуметтік желіге бейне құттықтау жариялады.

Нәтиже: оқушылардың кемінде 80%-ы жыл бойы рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі іс-шараларға қатысады; оқушылардың кемінде 30%-ы «Қоғамға қызмет» бағдарламасының қызметіне белсенді қатысады.

Үшінші бағыт — Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өлкетану», «Тәрбие және білім», «Рухани Қазына».

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» тақырыбында көркем еңбек мұғалімі Б.А. Бегжанов ұлттық қолөнерден көрме жасап, оқушыларға таныстырды. Желтоқсан айында 1-11 кластарда «Ұлттық өнер – тәрбие негізі» сынып сағаттар, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында бата-тілектерді дәріптеу мақсатында 3-4 сынып оқушылары арасында «Ата жолы – ақ бата» тақырыбына іс-шара ұйымдастырылды.

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Осы бағытта сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу», «Педконсилиум» сияқты түрлі форматта өткізді. Жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына!» атты іс-шаралар өткізілді. 7-8 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті отбасым!», «Менің отбасым – менің тірегім» тақырыбына коллаждар жасады. Қазан айында қарттар күніне орай «Қарты бар үйдің қазынасы бар» тақырыбына іс-шаралар өтілді. Мектебіміздегі «Мейірім» аналар, «Ұлағат» әкелер мектебі жұмыс жоспарына сәйкес «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі», «XXI ғасыр, Қазақстандық ата-ана, өз балаңа үлгі бол!», «Бабалар аманаты» тақырыптарында іс-шаралар өткізді.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Саналы

азамат» базалық бағытты қарастыру.

«Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде 9-11 кластардан «Менің болашақ мамандығым» сауалнама алынса, Ұстаздар күнінде Дублер күні өтілді. «Ерте жас-тан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы аясында сынып жетекшілер экологиялық сынып сағаттарын, Мектеп Парламенті «Қоқыссыз әлем» науқанын, «Табиғатты аялайық!» тазалық жұмыстарын бастауыш сынып оқушыларына «Қоршаған ортаны аялайық» атты тәрбие сағаттарын өткізді.

Сонымен қатар қазан айының 13 күні «Өзін-өзі басқару» ұйымының «Эко-әлем» бағыты бойынша табиғатты қорқыстардан тазалау, табиғатты аялау, қорғау мақсатында «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбында 7-сыныпта плаггинг ұйымдастырылды.

Алтыншы бағыт – Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергиенаны қалыптастырады. Дебат клубы «Эрнесто» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде ай сайын «Ұстаздан шәкірт озар», «БК Мемлекет сөз бостандығын шектеу керек деп есептейді» тақырыптарында дебаттық турнирлер ұйымдастырды.

Жетінші бағыт – Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық

дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа, эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

Осы бағытты іске асырудың негізінде «Көркемөнерпаздар» үйірмесі ашылды. Нәтижесінде оқушылар ұлттық билер үйреніп, көрермен көзайымына айналды. «Балалар және театр» үйірмесінің жұмысы уақытылы жүргізіліп, балалар көріністер көрсету үшін машыктануда. Мектебімізде Жаңа жыл мерекесіне орай даярлық тобы, 1-11 сыныптарда «Төрлет, құтты жаңа жыл!» тақырыбында ертеңгілік, кештер ұйымдастырылып, өтілді.

Сегізінші бағыт – Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене

дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Капин А.А, Жеңісұлы Е. спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, 8 қыркүйек Денсаулық күніне орай «Спорт – денсаулық кепілі» атты денсаулық күнін, «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды. Осы бөлімде орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады.

Дарынды шәкірт – білікті ұстаздан



**Айгерім Елеусізқызы
ҚҰЙҚАЛАҚОВА,
Тасөткел орта мектебі
директордың оқу-тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Тасөткел ауылы,
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.**

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Заман талабына сай ой-өрісі жоғары, зерделі азаматты қалыптастыру – мемлекетіміздің басты қағидасы болып отыр. Дарынды балаларға білім беру бүгінгі уақытта ғылымның әр дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты да, талапты мамандар даярлауда пайдалы болса, екінші жағынан қоғамға айрықша дарын-

ды балалардың интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, одан әрі дамуына бағыт бере білу ерекше қиын.

Қандайда бір, дарындылықты анықтаудың дайын үлгісі, әдіс-тәсілдері нақты жоқ. Қазіргі таңда дарынды балаларды зерттеуге қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерде маңызды ой-пікірлер қалыптасқан.

Дарынды балаларды анықтау үшін бастауыш сыныптан бастап зерттеу жұмыстары жүйелі жүруі керек. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың оқуға деген құштарлығы қазіргі таңда өте жоға-

ры. Оған ата-анасының мән бере жасаған дайындығы, үлкендердің қуанышты көзқарасы, мектептің беделі, жаңа киімдер мен әдемі оқулықтар баланың қызығуын арттырып, білім алуға жетелейтіні сөзсіз. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдері шеберлігімен, жаңа әдіс-тәсілді сабақтарымен, ұшқыр ойлы ойындарымен оқушы зейінін жаулап алып, білуге деген құштарлықтарын шындай түсуі қажет.

Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын да қызықты іс. Алайда, әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Баланы заман талабына қарай көрегендікпен икемдеп, өз заманының озық өнегесін санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, Тасөткел орта мектебінде дарынды балалармен жұмыс жақсы жолға қойылған. Әр бастауыш сынып мұғалімі, орта және жоғарғы буын сынып жетекшілері дарынды балаларды анықтап, жұмыс жоспарын, сонымен қатар дарынды баламен жұмыстың даму жоспарын жасайды. Жоспарға сәйкес жұмыс атқарылады.

Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде инновациялық технологияларды, ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ұмтылады. Әр сабақта деңгейлік тапсырмалар, логикалық тапсырмалар орындату арқылы өздігінен ойлау қабілетін дамытып отырады. Пәндік олимпиадаларға, пікір сайыс ойындарға, сырттай өтетін интеллектуалдық сайыстарға баланы дайындау дарындылықты дамыта түседі. Дарынды оқушымен жұмыс жасау

барысында оқыту сипатын мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау қажет. Дарынды оқушының алдына нақты бір мақсат қою арқылы оның берілген тапсырмаға деген қызығушылығын оятуға болады. Аталмыш жұмыстар мұғалімді инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен дамытуымен қатар білім беру үрдісіне жаңа тұрпат ендіруіне көмегін тигізеді. Осы тұрғыда жаңашыл идеяны ұстанған педагог оқушының жеке тұлғалық қасиетін барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін дамытады.

Ел боламын деген мемлекет ұрпақ тәрбиесін бірінші кезекке қояды. Біз – бала тәрбиесіне аса көңіл бөлген халықпыз. Тілдің дамуы да, ұлттық рухани құндылықтардың баланың бойына сіңірілуі де – тәрбиемен келеді. Ал тәрбиенің өзегі – ананың құрсағынан басталады. А. Байтұрсынов: «Балам деген жұртым болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады», - дейді. Яғни, әлемді жаулаған жаһандану үрдісіне біз мықты ұлттық, мәдени құндылықтарымызды, ұрпағымыздың имандылығын қарсы қоюға тиіспіз. Демек, терең білім, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік ұлттық мүддеге қызмет етпесе, ел алдындағы парыз ұғымына сүйенбесе, рухани құндылықтарға негізделмесе, жасампаз күшке айнала алмайды екен. Бүгінгі білім беру саласында тәрбие мен білімді әр қырынан дамыта отырып оқыту және білім алушыны интеллектуалды түрде дамыту жолдары негізге алынады. Сол себепті де дарынды оқушылармен жұмыс жасай отырып, танымдық біліктілікті арттыру мен қатар өзіндік ізденімпаздыққа баулиды. Баланың өзіндік көзқарасының қалыптасуына әсер етіп, білімді де тәрбиелі болып шығуына зор әсерін тигізеді. Ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

Үйірменің үйреттері көп



Амангул Казбековна
АБДУЛЛИНА,
«Көктау орта мектебі» КММ-
нің биология пәні мұғалімі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.

2022 жылы республикамызда «Балалар жылы» болып жарияланды, оның шеңберінде әрбір қаладағы, аудан орталығындағы, ауылдардағы білім беру ұйымдарының қызметіне ерекше назар аударуда. Балалармен жұмыс оқушылардың денсаулығын сақтауға, олардың өз бетінше білім алуына және дамуына, оқушылардың мүдделерін ескере отырып, олардың қамтылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұжымдық және жеке тақырыптық ғылыми-зерттеу, шығармашылық жобаларды іске асыруға қатысу арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.

2022-2023 оқу жылындағы балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері жалпы орта және қосымша білім беруді неғұрлым тығыз интеграциялау қажеттілігімен байланысты. «Көктау орта мектебі» КММ балаларға қосымша білім беру жүйесінің қызметін ұйымдастыру мақсатында биология пәнінен үйірме қарастырылды.

«Қызықты биология» үйірме курсының **мақсаты** жеке тұлғаның танымдық және коммуникативті қасиеттерін дамытуды қамтамасыз ететін әмбебап оқу қызметін қалыптастыру

Міндеті: оқушыларды зерттеу іс-әрекетіне қатыстыру, оның негізінде мә-

селені анықтау, сұрақ қою, жіктеу, бақылау, эксперимент жүргізу, қорытынды жасау, түсіндіру, дәлелдеу, өз ойын қорғау, ұғымдарды анықтау, материалды құрылымдау қабілеттерін дамыту.

Үйірмеге қатысатын оқушылардың жас ерекшеліктерін және оқу ауысымын ескере отырып, жұмыс кестесі екі ауысымға жоспарланды. Аптасына 4-сағат. Үйірмеге 4-9 сынып оқушылары қамтылған.

Жоспар бойынша оқушылармен «Адам өміріндегі ғылымның ролі. Зерттеудің кезеңдері мен әдістері» тақырыбында дәріс сабақ өтілді. Сабақтың мақсаты ғылымның адам өмірінде алатын орнын талқылау, маңызын түсіндіру, оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын ояту және зерттеудің кезеңдері мен әдістері туралы мағлұмат беру.

Қыркүйек айының басында қызығушылық танытқан оқушылармен алғашқы отырыс өткізілді. Отырыста үйірменің мақсаты мен міндеттері айқындалып, үйірменің бұрышы эскизін, эмблеманың дизайны талқыланды.

«Күзгі табиғат ғажайыптары» атты экскурсия сабағы ұйымдастырылды. Оқушылармен мектеп алаңы, Ор өзенінің жағалауы, далалықтағы күзгі өзгерістерді тамашалау бақылау жүргізілді. Осы экскурсия кезінде жасалған фотосуреттерден және өздері салған суреттер мен ребустардан «Күз ғажайыптары» атты шағын көрме ұйымдастырылды.

Қазан айында оқушылармен «Өмір ғажап» квест ойыны ұйымдастырылды. Ойынның мақсаты өскелең ұрпақ ара-

сында салауатты өмір салты принциптерін насихаттау, денсаулықты сақтауға оқушылардың назарын аударудың кешенді тетіктерін әзірлеу. Ойын «Винегрет-шоу» дәруменді салаттар фестивалі және «Біз салауатты өмірді таңдаймыз» тақырыбындағы плакаттар конкурсымен аяқталды. Дәруменді салаттар фестивалінде қыз балалар белсенділік танытса плакаттар конкурсына ер балалар белсенді қатысты.

Күзгі каникул кезінде оқушылар кезекті отырыста өздері қызықтыратын ғылыми зерттеу тақырыптарын таңдады. Оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді, бағыт бағдар, нұсқаулар берілді.

Екінші тоқсанда «Қызыл кітап парақтары» атты ақпараттық журнал өткізілді. Кіріктірілген сабақтың мақсаты ҚР Қызыл кітабы, оның ерекшелігі, маңызы, Қ. Мырза Әлінің табиғат жырлары мен оқушыны таныстыра отырып, «Қызыл кітап» өлеңдер жинағының мәнін ұғындыру; оқушының табиғат туралы түсінігін кеңейту;

Табиғатты қорғауға, туған жерін сүйуге тәрбиелеу. Журналдың бірінші бөлігінде мұғалім оқушыларға Қызыл кітаптың маңызы, шығу тарихы, құрылымы туралы мағлұмат берді. Екінші бөлігінде оқушылар ақынның «Қызыл кітап» өлеңін оқыды, өзара талқылады, пікірлерімен бөлісті және «Қызыл кітап» поэмасы – ой толғамы ауқымды, бүкіл адамзатты ойландырар пікір-тұжырымға бай философиялық туынды деп қорытынды жасады. Журналдың үшінші бөлігінде 9-сынып оқушысы Кущанова Майра Ақтөбе облысында сирек кездесетін не жойылып кеткен, Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер туралы таныстырылым жасады. Оқу-

шылар рефлексия жасау кезінде біздер кіші бауырларымызға қамқор болу керекпіз, солай табиғатты қорғауға өз үлесімізді қоса аламыз деп айтты. Мұғалім соңында оқушыларға «Біздің кіші бауырларымыз» деген коллаж жасап келу тапсырмасын ұсынды. Оқушылар фотосуреттерден коллаж жасап, өзара тамашалады.

Жоспарымызға сай мектепте «Жасыл дәліз» жобасы бастама алды. Бұл жобаға қажетті құрал-жабдықтар әлі де сатып алынуда. Ол үшін мектеп директоры арнайы орын бөліп берді. Оқушылар мектептегі кіші қызметкерлер және еңбек пәні мұғалімімен бірлесе отырып, бөлме гүлдерінің алуан түрлілігін сақтай отырып, бұрыш ұйымдастыру үстінде.

«21 қараша халықаралық Темекіден бас тарту күні» осыған орай оқушылармен дәріс сабақ сонымен қатар практикалық сабақ өткізілді. Бұл сабақтың мақсаты – Жас ұрпаққа «Қазақстан – 2030» бағдарламасының басты міндеттерінің бірі – салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы насихаттау, адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіру;

- Оқушылардың өмірге, әсіресе адамзат ұрпағына деген аяушылық сезімін, аурудың алдын алуды үйрету, жаман әдеттен бойларын аулақ ұстауын, оқушының санитарлық - гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру, дамыту;

- Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін айта отырып, болашаққа деген көзқарасын қалыптастыру. Сабақ барысында оқушылар баяндама оқыды, ребустар, пазлдар құрастырды, ситуациялық сұрақтарға жауап берді. Ка-

диржанова Аяулым және Жүсіп Мадина шағын буклеттер дайындап, мектеп оқушылары, ауылдастар, мұғалімдер арасында таратып, темекіден бас тартуды насихаттады.

Желтоқсан айында Экологиялық жоба аясында «Табиғатта қоқысқа орын жоқ» табиғи материалдардан жасалған қол өнер көрмесін және мектепшілік әзіл-оспақ «Қоқыс сәні» сайысын ұйымдастыру жоспарға сай өткізілді. Ғылыми жобалар конкурсында үйірме мүшелері арасында іріктеу өтті. Ірік-

телген оқушылар мектепшілік Ғылыми конференцияда жоба қорғайды.

«Қызықты биология» үйірмесінің бағдарламасы оқушылардың биологиялық білімдерін, дағдыларын, биологиялық және экологиялық мәселелерді шешу әдістерін меңгеруге, логикалық ойлауды дамытуға, тірі ағзалардың құрылымы туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыруға ықпал етеді сонымен қатар ұжымдық қызметте ынтымақтастық ережелерін практикада қолдануға мүмкіндік туғызады.

Тәуелсіздік – тұғырым

Мақсаты:

- Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау;

- Желтоқсан көтерілісін көзбен көрген, тарихи оқиғаға куә болған адамдармен кездесе отырып, жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру;

- Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, Атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу. Өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздік

бастауы — ызғарлы Желтоқсан оқиғасы екенін жете түсіну.

Көрнекіліктері: нақыл сөздер, еліміздің рәміздері, буклеттер, желтоқсан құрбандарының портреттері.

Барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

Кіріспе сөз.

Құрметті ұстаздар, оқушылар және көрермендер!

Бүгінгі тарихымызды тағы бір еске түсіру үшін ел тәуелсіздігіне арналған тарихи-әдеби ашық тәрбие сағатына жиналып отырмыз.

Біз өзіміздің көк байрағымызды мақтанышпен жоғары көтеріп, өз елтаңбамыз бен әнұранымызды қастерлей отырып, күн сәулелі аспанымызда әрқашан Тәуелсіздікпен ерліктің белгісі дала қыранының қанаты талмай, шарықтай берсін демекпіз.

Иә, бір кезде Отан үшін деп жанын қи-

ған жастар енді Тәуелсіздік үшін, ар-намысын, ата-баба дәстүрін жоғары көтеру жолында ереуілге шықты. Олардың бұл өжеттілігін ұлтшылдықтың белгісі қылып көрсетті. Қаншама қан төгілді. Иә, 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» тарихта мәңгі қалмақ.

1986 жылы 17 желтоқсанда бүкіл елді дүр сілкіндірген ғаламат оқиға болды. Азаттық, Тендік, Тәуелсіздік. Осы бір үш ұғымның салтанат құруы үшін кімдер бас тікпеді, кімдер құрбан болмады? Бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанқызы, Ербол Сыпатаевтарды еске алып, олардың рухына тағзым ету парызымыз. 1986 жылдың желтоқсаны бүкіл ұлтымыздың жанын жаралап, жүрегіне ызғар шашып кетті, бостандық үшін өрімдей жап-жас қыз-жігіттер құрбан болды. Біз әрдайым Қайраттың от жүрек үніне, қыздардың намысын қорғаған ерлігіне, күнәсіз күйіп кеткен келбетіне бас иеміз.

(1 минут үнсіздік жариялаймыз)

Ортада оқушылардың Тәуелсіздік жайлы өлең жолдары.

1-оқушы:

Көк аспанда тулардың
Желбіреген күні — бұл,
Елім деген ұлдардың
Елжіреген күні — бұл.

2-оқушы:

Атамекен ақ үйдің
Азат болған күні бұл.
Құндақтағы сәбидің
Қазақ болған күні — бұл.

3-оқушы:

Жұпар шашқан гүлімнің
Жаңа ашылған күні — бұл.
Менің ана тілімнің
Бағы ашылған күні — бұл.



4-оқушы:

Алты алаштың баласы,
Қауымдасқан күні — бұл.
Бір-бірімен жарасып,
Бауырласқан күні — бұл.

5-оқушы:

Дүбірлетсін өңірді,
Дүбірлесін дүлдүлі.
Қазақ деген елімнің,
Құтты болсын бұл — күні!

6-оқушы:

Атыңнан айналайын, егемен ел,
Тәуелсіз күнің туды, кенеле бер.
Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздік!
Ғасырдың тойы болшы, келе берер!

7-оқушы:

Бақтың құсы әр адамға қонып бір,
О, тәңірім бізді баққа жолықтыр!
Бүгін міне, тәуелсіздік ағайын,
Әр қазақтың жүрегі боп соғып тұр!



**Мұғалім сөзі:**

Әр қазақтың есінде сақталады,

Желтоқсандық өркендер ақталады.
Ер намысын қорғаған сарбаздарым,
Ерліктерің мәңгілік сақталады.
Қандай бақыт қуаныш күн бүгін,
Дәлелдеуде Қазақстан елдігін.
Арман еткен қыршын кеткен ағалар
мен апалар,

Елің алды егеменді теңдігін, - деп жыр-
лай келе, тәуелсіздігіміз жасай берсін,
еліміз тыныш болсын деген тілек білдіре-
міз!

Қорытындылау.

**Каламкас Тагибергеновна
ТАЛАПБАЕВА,
Тасөткел орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Тасөткел ауылы,
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.**

Тәуелсіздік пірігім!



**Ақмарал
Сансызбайқызы
ТУЕШЕВА,
Тасөткел орта мектебі
жанындағы шағын
орталық тәрбиешісі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.**

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміз-
дері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуел-
сіздік күні туралы түсініктерін молайту.
Мәнерлеп тапқақ айтуға, ән ұран айтып,
елге деген, Отанына сүйіспеншіліктерін
арттыру. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу.

Еліміздің тәуелсіздігіне орай өткізілетін
тәрбие сағатына балалар дайын отыр.
Барлығы әнұран орындайды.

Тәрбиеші:

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,
Білу керек бала дағы ең кіші
Рәміздерім – Әнұран, Көк ту, Елтаңба.
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

1-бала:

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,
Мықты болсын елімнің керегесі.
Тату-тәтті боп халқымыз әрқашан,
Кетпесін туған жердің берекесі.

2-бала:

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің, Қазақстан.

Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегімсің Қазақстан.

3-бала:

Тәуелсіздік елімде,
Бақыт құсы самғап ұшты көгімде.
Қазақ деген ғажап халық қашаннан,
Көк бөрінің ұрпағымыз қашанда.

4-бала:

Көтерілсе шаттығым,
Ынтымақты ел іші.
Желбіресе көк туым,
Мерекеге шығады.
Бүкіл халық біліп қой,
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлық той.

5-бала:

Он алтыншы Желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан,
Шырқатып ән салған күн.

Тәрбиеші: Біз бүгін тәуелсәздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар.

- Балалар, туымыздың түсі қандай екен?

Балалар: Туымыздың түсі көгілдір.

Тәрбиеші: Жарайсындар, кезекте ән орындаймыз.

«Тәуелсіздік – тірегім» әні орындалады.

6-бала:

Он алтыншы желтоқсан –
Тәуелсіздік алған күн.
Ерекше боп мәңгілік,
Ел жадында қалған күн.

7-бала:

Көк туымыз бетінде,
Қыран бүркіт канаты.
Сол қырандай еркіндеп,
Біз өсеміз талапты.

8-бала:

Тәуелсіздік жолында,



Талай талай тер тамған.
Билігің өз қолыңда,
Еркіндігім – елтаңбам.

9-бала:

Құтты болсын ұлы мейрам, қазағым,
Тәуелсіздік мына күнді алғаның.
Тәуелсіздік алдық мына біз бүгін,
Той тойлатып қуанып сен жатқаның.

10-бала:

Біз – бақытты баламыз,
Тәуелсіз елдің ұланы.
Мәңгі жасап гүлденеміз,
Ұлы елдің қыраны.

11-бала:

Тәуелсіздік күнінде,
Жайнай берші, қазағым.
Тойла елім, тойлай бер,
Таусылмасын ғажабың.

Тәрбиеші: Ендігі кезекте, балалар, тақтадан біздің еліміздің көк туын көріп тұрсындар. Алдарыңа көк ту бейнеленген қиылған қағаз бөліктерін берем. Тақтаға қарап сол қолдарыңдағы қағаздан тудың бейнесін дұрыс орналастырындар.

Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналас-тыр».

Тәрбиеші: Сонымен, балалар, біздер бүгінгі тәрбие сағатында Отанымыз Қазақстан туралы, ҚР-ның рәміздері жайлы білдік.

Бүгінгі тәрбие сағатына жақсы қатысқандарыңа барлықтарыңа рахмет.

Қазыбек бидің 355 жылдығы

Максаты: Оқушыларға қазақ тарихының төрінен орын алған, қаншама ғасыр өтсе де, өскелең ұрпағына өшпес із, өнегелі сөз қалдырған Төле, Қазыбек, Әйтеке билер жайлы әңгімелеу.

Құндылықтарды дарыту: оқушыларды

адамгершілік, имандылық және парасаттылыққа тәрбиелеу.

Музыкалық және бейне көркемдеу: интерактивті тақта, слайд.

Үлестірмелі материалдар: мақал-мәтелдер жазылған плакаттар.

Кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	Тәрбие сағатымыз ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған, өздерінің бір ғана сөзімен небір шытырман даулы мәселелердің дұрыс шешімін тауып отырған «Қазақ билеріне» арналады. Қазақ билері әділ және елге сыйлы болуға тиісті болатын. Өз әділдігімен елге танымал болған қазақтың атақты билері: • <u>Төле би</u> (1663-1759 ж.ж.) • <u>Қазыбек би</u> (1667-1764 ж.ж.) • <u>Әйтеке би</u> (1644-1700 ж.ж.)	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер
Басы (13 мин)	Қазақ халқының айтулы кемеңгер билерінің бірі – Қаз дауысты Қазыбек би 1667 жылы Сырдария жағалауында дүниеге келіп, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізген. Қазыбектің әкесі Келдібек те кезінде елді аузына қаратқан би болыпты. Қазыбек есімі « Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама » атанған Жоңғар басқыншылығына қарсы күрес жылдары екі елдің арасын бітістіруші батыл елші, парасатты мәмілегер ретінде әйгілі болған.	« Кім жақын, не қымбат, не қиын? » Тату болса, ағайын жақын, Ақылшы болса, апайын жақын. Бауырмал болса, інің жақын, Алдыңа тартқан адал асын – Қимас жақын қарындасың. Сыбайлас болса, нағашың жақын,	Компьютер 

	Қалмақ ханына елшілікке барғанда жасқанбай өз ойын жалынды сөздермен бұршақтай жаудырып, мірдің оғындай өткір сөздерімен жоңғар ханының аузын аштырмай тұтқындағы ұл-қыздарды босатып алады. Қалмақ ханы Қазыбектің саңқылдағын даусына орай «Қаз дауысты Қазыбек» деген ат береді. 	Адал болса, досын жақын. Жан серігің жас кезіңнен Бәрінен де әйелің жақын. Алтын ұяң — Отан қымбат, Құт-берекең — атаң қымбат. Аймалайтын анаң қымбат, Асқар тауың — әкең қымбат. Мейірімді апаң қымбат,	
	 	Туып-өскен елің қымбат. Ұят пенен ар қымбат, Өзің сүйген жар қымбат. Арадан шыққан жау қиын, Таусылмайтын дау қиын. Шанышқылаған сөз қиын, Жазылмаса дерт қиын, Іске аспаған серт қиын, Ақылыңнан ада-сып, Өзің түскен өрт қиын!	
Ортасы (20 мин)	«Би» деген атаққа әр қатар жан-жақты сипаттама беріп көрейік. Би дегеніміз — халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танимыз.	Оқушыларға видеослайд көрсетіледі	Компьютер. Оқушылар кеспе қағазға ойларын жазады

Соңы	Дүниеде не өлмейді? Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді, жақсы сөз жерде қалмайды. Артына аталы сөз қалдырған, азаттық, теңдік, туыстықты ту етіп көтерген, қазақ тарихының төрінен орын алған, қаншама ғасыр өтсе де, өскелең ұрпағына өшпес із, өнегелі сөз қалдырған Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің рухтары одан әрі биіктей берсін!		Компьютер
------	---	--	-----------

Арайлым Еркебуланқызы БАҚТИЯРОВА,
Тасөткел орта мектебінің ағылшын тілі
пәні мұғалімі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.



Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем



**Айнур Амангереевна
БИРМАҒАНБЕТОВА,**
Тасөткел орта
мектебінің математика
пәні мұғалімі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.

1-жүргізуші: Армысыздар, аса қадірменді ұстаздар ұжымы. Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

2-жүргізуші: Сіздердің дана көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз. Құрметті ұстаздар!

1-жүргізуші: Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса, бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді. Ендеше, бүгінгі «**Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем**» атты мерекелік концертімізді ашық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші: Бүгінгі концертіміздің өзіндік ерекшелігі бар. Ұстаздарымызды күнделікті үрдістерден демалтып, мерекелік атмосфера жасау үшін кешіміздің арнайы дресс коды бар.

1-жүргізуші: Бүгінгі кешімізге күлгін түсті тандауымыздың өзіндік себебі бар.

Күлгін түс роялтимен және тектілікпен байланысты, сән-салтанат, байлық туралы әсер қалдырады. Күлгін түс құрметтеудің қажет екенін білдіреді. Бұл пси-



хикалық қабілеттер мен интеллектуалды ағартушылықты шабыттандырады және кеңейтеді.

2-жүргізуші: Кешіміздің осынау бөлек аурасын бұзып отырған жандарды байқап тұрсың ба Нұрай? Бұл туралы олар қандай сылтау айтар екен?

1-жүргізуші: Мүмкін кешіміздің бұл талабын білмеген шығар. Дегенмен мұны білмеу сабақ кестесіне мән бермеу сияқты ғой.

2-жүргізуші: Немесе дене шынықтыру сабағының болатынын біле тұрып, спорттық киім әкелмеу; мектеп формасын сақтамау секілді ғой.

1-жүргізуші: Мына теңеулерге қарасам, бір шара қолдануға болады ғой, ендеше, дрес кодқа сай киінбеген ұстаздарымыздан қонақ кәде сұрайық.



2-жүргізуші:

Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,
Дендеріңнің саулығы мықты болсын.
Білімменен суарған шәкірттерің,
Төл мерекен, ұстаздар, құтты болсын! -
дей келе, әсем әнге кезек береміз.

«Мен кімін?» ойыны ойнатылады.

1-жүргізуші:

Ұстаздарым — биік тұлға байсалды,
Құшақ жайып өз мерекен қарсы алды.
Қуанышты жарқын тілек білдіріп,
Құттықтаймыз, ұстаздарым, баршаңды.



Монолог оқылады.

«Құпия жан» ойыны ойнатылады.

2-жүргізуші:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.
Ұстаз деген — ұлылардың ұлысы,
Қасиетіңе бас иейік мәңгілік!

Флэшмоб (барлық оқушылар билейді)

1-жүргізуші:

Ұстаз, ұстаз!

Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,
Осы сөзде таусылмайтын жылылық.
Әл-Фараби, Ыбырай мен Ақанды
Осы сөз ғой қойған бізге ұлы қып.
Ұстаз шебер қисықтарды жөндейтін,
Тентектерді ақылымен емдейтін.
Болса дағы малға кедей өмірде,
Бар байлығым шәкірттерім, сен, дей-
тін! - келесі кезекті қазақша биге береміз.

«Мен ақылдымын» ойыны ойнатылады.

2-жүргізуші:

Ұстазыңды түсінгің сен тереңнен,
Бар әлемге еңбегімен еленген.
Сенің бағың өрге қарай өрлесе,
Ол да бірге қуанышқа кенелген.

1-жүргізуші:

Ұлы өмірге жетелеп,
Ашқан білім есігін.
Құрметтейік мәпелеп,
Ұстаздардың есімін.

«Мен қазақтың баласы» әнін қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші:

Ұстаздар! Қандай ға-
жап халықсыздар!

Шәкіртке шындай
биік алыпсыздар.

Жан біткен жанарына
нұр сыйлаған

Күндей боп күлімде-
ген жарықсыздар.

**«Ұстазым» әні орында-
лады.**

1-жүргізуші:

Ұстаз бізді білім беріп
өсірген,

Қатемізді әрқашанда
кешірген.

«Өмір жолы — қиын жол» деп әрдайым,
Тәрбиелеп, ақылды ғып өсірген.

2-жүргізуші:

Ұстаздың оттай ыстық алақаны,
Болған соң ойлайтыны — бала қамы.
Баладан ұстазыма мың сан алғыс,
Өйткені ол — ұстазымның ақ арманы.



1-жүргізуші: Шәкірттерін білім нәрі-
мен сусындатып, тәлім-тәрбие берген ұс-
таздарымызды келіп жеткен кәсіби мере-
келерімен құттықтаймыз.

2-жүргізуші: Бүгінгі «Ұстазым — ұлаға-
тым, үлгі-өнегем» атты ұстаздар күніне
арнаған мерекелік кешімізді аяқтаймыз.

Мемлекеттік рәміздер — ұлттың мақтанышы



**Құралай
Сейтқалиқызы
ДОСМАГАМБЕТОВА,
Тасөткел орта мектебінің
қазақ тілі пәні мұғалімі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.**

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақса-
ты:** Қазақстан Республикасының мемле-
кеттік рәміздерінің маңызын түсіндіру.

Мақсаты: Барлық оқушылар үшін:
Қазақстан Республикасының мем-

лекеттік рәміздерінің маңызын түсінеді
және рәміздермен жан-жақты танысады.

Құндылықтарды дарыту. Оқушылар:

— мемлекеттік рәміздер дегеніміз не
және олардың біздің өміріміздегі маңызы
қандай екенін түсіндіреді;

— бақылау жүргізу негізінде ҚР мемле-
кеттік рәміздерінің қолдану аясын анық-
тайды;

Рәсімдеу: Слайд, презентация, көрме.

Музыкалық және бейне көркемдеу: ин-
терактивті тақта.

**Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық
стендтер:** Презентация.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал- жабдықтары
Ұйымдас- тыру кезеңі	Психологиялық ахуал . «Мен патриотпын» әдісі бойынша сыныпқа ынтымақтастық атмосфера ұйымдастыру. «Ой қозғау» әдісі арқылы бүгінгі тәрбие сағатын анықтау. /Сабақтың мақсаты айтылады/ Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің маңызын түсіндіру.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Интербелсенді тақта, көрме, шарлар, т.б. Түрлі-түсті суреттер
Сабақ басы	Видеоролик көрсету. Сұрақтар: - Видеороликтен нені байқадыңыздар? - Өленді тыңдағанда қандай әсер алдыңыздар?	Видео көрсету Әнұран	Интербелсенді тақта
	- Еліміздің рәміздерін атаңыздаршы? Қандай жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін: Туын, Елтаңбасын және Гимннің пайдаланады? - Балалар, Қазақстанның Әнұраны орындалғанда өзінді қалай ұстау керектігін білесіндер ме? (оқушылар сұраққа жауап береді)		
Ортасы	Жеке жұмыс: Рәміздерді сипаттау 1-тапсырма. Сәйкестендіру. Мемлекеттің рәміздерді берілген анықтамаға сәйкес келетін түсімен боя. Семантикалық картаны толтыру	Оқушылар жекемен жұмыс жасайды	Компьютер. Әнұран, елтаңба

	 2-тапсырма. Түсіндірме жұмыстары. (оқушылармен ұйымдастырылған көрмемен жұмыс жасау) Сергіту сәті: «Мен қазақтың» әні. (Музыка қосылады)		
Соңы	«Интервью» ойыны. - Рәміздерді кім атайды? - Мемлекеттік әнұран қай кезде орындалады? - Мемлекеттік ту қандай жағдайда қолданады? - Елтаңба қандай жағдайда қойылады? - Туған жер, атамекен дегенді қалай түсінесің? Үйге тапсырма. Тақырыпқа байланысты шағын эссе жазу.	Оқушылар сабақты қортындылайды	

«Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы» тақырыбында сынып жетекшілер семинары

Семинарға 1-11 сынып жетекшілері қатысты.

Жауапты: сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі

Еліміздің қазіргі уақыттағы білім беру

жүйесі — болашақ ұрпақты жан-жақты жетілдіретін, бәсекеге төтеп беруге қабілетті, сапалы адам етіп тәрбиелейтін білім беру жүйесі екені сөзсіз. Сондықтан саналы ұрпақты тәрбиелеу қызметінде

ұстаздың еңбегі орасан зор. Және осы жолда жаңашылдық пен шыдамдылықты, талап пен табандылықты талап етіп, ұстаздың өз білімін жетілдіріп, тәжірибесін шындап отыруы маңызды. Сондықтан біз өзіміздің сынып жетекшілерге арналған семинарымыздың тақырыбын ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы» атты сөзін арқау етіп алдық.

Семинардың мақсаты: сынып жетекшілермен бірге тәрбие жұмысындағы кейбір проблемаларды шешу жолдарын қарастыру арқылы жас сынып жетекшілерге бағыт-бағдар беру.

Семинар барысы:

Семинар коучинг түрінде өткізіліп, ұстаздар ән шумақтарымен топқа бөлінді. Психологиялық ахуалды қалыптастырып алу мақсатында «Ізет» сергіту жаттығуы орындалып, семинардың алғашқы бөлімі басталды. Ұстаздарға керемет сергіту жаттығуы жасалынып, бойларын жазып, көңіл күйлерін көтеріп алдық. I бөлімді бастамас бұрын ұстаздарды үш топқа бөлу мақсатында қолдарына ән шумақтары жазылған парақша таратылып, әндерді бірден шырқатпай ызың арқылы өздеріне түскен ән шумақтарын айтып, бірін бірі табу арқылы үш топқа бөліп «Ұстазым» әні, «Жақсы адамдарым» әні, «Атамекен» әндерін шырқаттық.

I бөлім барысында сынып жетекшілер «Ұстаз» фильмін тамашалады.

II бөлімде осы фильмнен алған әсерлері бойынша әр топқа фильм жайлы жағдаяттар беріліп, қорғау ұсынылды. Әр топ өзінің креативті идеяларын ортаға салып, тәжірибесі мол ұстаздар өз білгендерімен бөлісіп, ақыл-кеңестерін айтып, «Бала

тәрбиесі – баршаға ортақ» сыныпта кездесетін мәселелердің шешу және алдын алу жұмыстарының тиімді жолдарын талдады.

Қорытынды бөлімде ұстаздарға кері байланыс алу мақсатында «QR код» әдісі жүргізілді. Интерактивті тақтаға QR



кодтың суреті шығарылып, сол кодты сканерлеу арқылы кері байланыс жасауға арналған арнайы бет ашылып, ұстаздар өз ойларын ашып жазды. Жазылған әрбір ой интерактивті тақтаға шығарылып, ең құнды деген кері байланысты ортаға салып талдадық.

Жалпы семинар барысында ұстаздар жақсы көңіл күйге бөленіп, өз ойларын еркін жеткізе алатындай еркіндікте болып, креативті ойларын ортаға салып, бала тәрбиесінде жүргізілу қажет тың идеялар айтылды. Әрбір ұстаз өзіне жаңа шабыт алып, жұмысқа деген ынталары артты.

**Мираш Азаткалиевна
НУРГАЗИЕВА,**

Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектептің физика пәні мұғалімі.

Арайлым Серікқызы АМАН,

Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы.

**Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Тілге құрмет – елге құрмет

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға тіл туралы заңның қабылданғанынан мағлұмат беру және ана тілінің қоғамдағы алатын орны туралы айтып жеткізу.

Оқушыларды ана тілін құрметтеуге шақыру және ана тілімізде ойлауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, «шешендіктануға» байланысты кітап көрмесі.

Мұғалім: Оқушылар, біз білеміз ана тілі десек, барлық өткен кеткеніміз есімізге түсіп, сөнгеніміз қайта жана түспек. Ана тілі десек, халқымыздың қазіргісі мен болашағы көз алдымызға келмек. Яғни, ана тіліміз арқылы халық тағдыры, ұлт болашағы өлшенбек. Тіліміз арқылы ұлттық мүддеміз бен мүмкіншілігіміз айқындалмақ. Демек, тіл тағдыры- ел тағдыры. Тілдің дамуы – елдің дамуы. Сонымен қатар, тілге құрмет – елге құрмет болып табылмақ!

Әсем әуенді тыңдайық: «Анамның тілі – аяулы үні»

Енді оқушыларымызға кезек берейік:

1. Сақтар болсаң халқынды – тілді сақта,

Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа!

Тілден өзге жиһаздың бәрін түгел,

Базарлайсың қалтаңда ақшаң жатса. *Әбу Сарсенбаев*

2. Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім қайта өлмеске.

Айта бергім келеді, айта бергім. *Жұбан Молдағалиев*

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде әнім менен сәнім бар.

Туған тілім тіл болудан қалса егер,

Жүрегімді суырып-ақ алыңдар. *Дихан Әбілов*

4. Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сөз ойдағы.

Өссе тілім мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін. *Әбділда Тәжібаев*

Мұғалім: Ал, балалар, енді бәріміз түгелдей назар аударып, мына мақал-мәтелдің, қанатты сөздердің жалғасын табу керек.

Тіл – адам ойының ... (айнасы)

Аңдамай сөйлеген ... (ауырмай өледі)

Ойнап сөйлесең де ... (ойлап сөйле)

Айтылған сөз ... оқпен тең (атылған)

Таза сөйлеу – биік ... (мәдениеттілік)

Бас кеспек болса да, ... (тіл кеспек жоқ)

Жақсы сөз – жарым ... (ырыс)

Сөз тапқанға ... (қолқа жоқ)

Ел тірегі – ... (тіл)

Тіл жетпейтін ... (түкпір жоқ)

Мұғалім:

Ана тілім – бәрін сөйлер шежірем,

Тілсіз нені білдіре алам, не білем?!

О, адамдар, қадіріне жетіндер,

Ана тілің – анаң сыйлап өтіндер.

Қорытынды.

Мұғалім: *(Оқушылармен бірге)*

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!

Мұғалім: Ата-бабамыздың асыл аманын, үкілі үмітін ақтайық. Сонда ғана болашағымыз жарқын, тіліміздің мәртебесі биік болмақ!

Гүлден Сандибаевна УМАРОВА,
Тасөткел орта мектебінің қазақ тілі пәні
мұғалімі.

Тасөткел ауылы,
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.

«Ән әлемінің падишасы» Роза Бағланованың 100 жылдығы

Сабақтың мақсаты: оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Музыка тыңдау, оны талдауға баулу, музыка характерін, мазмұнын салыстыра отырып, талдауға үйрету.

Құндылықтарды дарыту: әнді сезіммен орындауға үйрету, ән айту ережелерін сақтауға үйрету.

Рәсімдеу: Слайд, презентация.

Музыкалық және бейне көркемдеу: интерактивті тақта, слайд.

Үлестірмелі материалдар: мақал-мәтелдер жазылған плакаттар.

Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер: презентация.

Дайындыққа арналған әдебиет: Интернет материалдары.

Тәрбие сағатының барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
Ұйымдас- тыру кезеңі (7 мин)	Қазақтың эстрада жанрын қалыптастыруда халықтың ыстық ықыласына бөленіп, биік бағасын алған, әндерін әрбір халық баласы шырқай кететін әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқов болды. Ал Шәмшінің көптеген әндерін елге танымал еткен Роза Бағланова еді. Қазақ эстрадасының көшін бастаушы Роза Бағланова деп аса мақтанышпен айта аламыз. Роза Бағланова көптеген жаңа заман әндерін алғаш рет ел арасына таратып, жаңа буын әншілердің шығуына зор ықпалын тигізді.	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьютер

	Ол осындай қажырлы еңбегі үшін «Халық қаһарманы» атағына ие болды.		
Сабақ басы (13 мин)	 Әнші Роза Бағланова туралы бейнеролик көрсетіледі Оқушылар негізгі тақырыппен танысады Бағланова Роза Тәжібайқызы	«Әлемді шарлау» әдісі арқылы түсіндіріледі	Компьютер
Ортасы (20 мин)	Қазақстан және КСРО халық әртісі. 1922 жылдың 1 қаңтарында Қызылорда облысының Қазалы қаласында туған. 1939-1941 жж. Қызылорда педагогика институтында оқыды.	Жалпыға арналған тапсырма: Оқушылар тақырып аясында сұрақтар құрастырады.	Компьютер
	1941-1949 жж. Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде әнші-солисттік қызмет атқарды. Сол ансамбльмен Ұлы Отан Соғысы жылдары майданда өнер көрсетіп, 1945 ж. 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан.	Сұрақтар тактаға ілінеді. Оқушылар бір-бірінің сұрақтарына жауап береді.	
Соңы	Топпен жұмыс 1-топ. Роза Бағланова апамыз жайында не білесіңдер? 2-топ. Әнші мамандығы қандай мамандық? 3-топ. Қай елдерге гастрольдік сапарда болған?	Оқушылар кестемен жұмыс жасайды	Компьютер

Лиман Калпаковна ТУЯКБАЕВА,
Тасөткел орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.

Тәрбие тал бесіктен басталады



**Айбек Арманович
КАПИН,**
Тасөткел орта мектебінің
дене шынықтыру пәні
мұғалімі, «Жігер» ер
балалар клубының
жетекшісі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.

Мақсаты: Ер бала тәрбиесі — өзекті мәселе. Тасөткел орта мектебінде «Тәрбие тал бесіктен басталады» тақырыбында барлық ер балалар арасында жиналыс болып өтті.

Менің мұндағы мақсатым барлық ер балалар жиналып отырғанда ер балалардың тазалығы, гигиенасы жөнінде толық мағұлмат беру. Қазіргі таңда орын алып отырған келеңсіз оқиғаларды болдырмау, алдын алу.

Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Көңіл-күйлерін көтеру, есте сақтау қабілеттерін арттыру, топқа бірігіп жұмыс жасауға дағдыландыру, қарым-қатынастарын нығайту. Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру.

Міндеттері: балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

Әдістері: Пікір алмасу, сұрақ-жауап, тест, ситуациялық жағдаяттардан шығу.

Көрнекілігі: Тілек ағашы алынған плакат, смайликтер, проектор, шарлар.

Барысы:

Ата-анаға еліктеп жас өнеді,
Ұмыттым деп өкінбе бәсе, нені!
Есті жауап таппаймыз ешқашанда,
Жан-жағынан қарамай мәселені.
Көшу керек ісіне сөзінен ел,
Түбі мұны түсінер кезі келер.
Балаң дана болмайды Абай сынды,
Құнанбайдай болмасаң өзің егер,
- дегендей, баланың ыстық суығына
күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін
ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл ертеңгі
әке, ол әкеге қарап өседі.

Ұйымдастыру бөлімі: Шаттық шеңберін құрамыз.

Бір-бірімізге жылы лебіз білдіре отырып амандасып аламыз.

Негізгі бөлім: «Ер балалар тәрбиесі» жөнінде бейне ролик көрсетіледі. Осы бейне ролик бойынша ата-аналардың пікірін тыңдау.

Пікір алмасу:

1. Беймезгіл кешкі уақытта көшеде жүрсіз. Рейд жасаған кезекші мұғалім сізді ұстап алды. Сіздің пікіріңіз?

2. Сабактың үстінде ұялы телефон ұстап сабаққа кедергі келтірдіңіз. Мұғалім телефонды алып қойды. Кім кінәлі деп ойлайсыз?

Қорытындылау: Рефлексия:

- Өзіңізге пайдалы мәлімет ала алдыңыз ба?

- Қандай әсер алдыңыз?

- Сіздің тілегіңіз бен ұсынысыңыз:

Ер балалар пікірлерін стикерлерге жазып, «Тілек ағашына» жабыстырады.

Қыз — ұлттың ұяты,

халықтың шырайы



**Гүлдана
НҰРЛАН,**
«Zerdesht» зияткерлік
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

Құзыреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат-міндеттері:

Ақпараттық: қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай: әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық, т.б. жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу;

Коммуникативтік: оқушылардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту;

Проблеманы шешу: қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру.

Өткізілу түрі: өнеге сабағы.

Көрнекілігі: кітаптар, суреттер көрмесі, қыздардың жасаған колөнер бұйымдары, кондитерлік өнімдері, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, интерактивті тақта, слайд-шоу, проектор.

Барысы.

1-жүргізуші: Қымбатты ұстаздар мен қадірменді қонақтар! Бүгін оқушылар сіздерге арнап дайындаған «Қыз — ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты әдептілік тақырыбындағы өнеге сабақты бастауға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші:

Қыз емес, қыздың аты — қызыл алтын,

Көрінер туған айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын.

2-жүргізуші:

Құдыретті жыр тудырған санамда,
Кім екен бұл, Қыз Жібек пе, Баян ба,
Әлде ару Қарлыға ма, Нұрлы ма,
Әлде гүл ме, өсіп тұрған даламда.
Кім де болса, періште ғой ғажайып,
Әттең шіркін, кетпесе екен азайып...

1-жүргізуші: «Қыздарға» М. Шаханов.

Тән сұлулығы деген бар жан сұлулығы деген бар

Тән сұлулығы — сыртқы көз арбар көрініс.

Жан сұлулығы — бұл әйелдің ішкі дүниесі,

Сезім шынайылығы, мінез байлығы.
Пейіл кеңдігі, ар алдында адалдығы.

Тән сұлулығы — теңіз бетіндегі көпіршігі мол толқын.

Жан сұлулығы — бұл тереңдегі ағын.

Осы екі қасиет бір адамның басында ұштасса,

Ғұмыр бойы айналасын нұрға бөлеп өтер еді.

Бет пішіні келіскен, сөзі сыпайы,
Өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы
қыз — Ару.

Сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін,

Болмашыға пісіп, күймейтін, келбетті қыз — Сұлу.

Істесе үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын,

Өзі бірден көзге түсе қоймайтын қыз — Көрікті.

Баппен біліп тұратын қыз — Әдемі.

Дене бітімі жинақы, сөзі салмақты қыз — Ажарлы.

(Бұрынғы қазақ қызы мен қазіргі қазақ қызының арасындағы айырмашылықтарды айту).

1-жүргізуші: «Қызым үйде — қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім-киісі тәрбиенің негізі болып саналады. Бүгінгі күнде қыздарымыздың көзге оғаш тиетін киімдерін айтып жатпайық, ол күнделікті өмірде не көгілдір экранда кеңінен көрініп жүр. Әрине, үйлесімді сәнденудің еш оғаштығы жоқ. Тек ол өзіңе сай жарасып, мөлшерімен пайдаланып, жан сұлулығын аша түсер болса.

XXI ғасырдың қыздары қандай?

Қазақ қыздарының бойынан қандай қасиеттерді көргің келеді?

Жаһандану кезінде қыз бала бойындағы құндылықтарды сақтай ала ма?

Келген қонақтарға сөз беріліп, ой-пікірлерін айтады.

Әбіш Кекілбаев: «Бағалай білмегенге бақ қонбайды, Қуана білмегенге құт қонбайды» деген ғой. Қазақ қыздарының қанына сіңген қадірлі қасиеттерді ғана емес, қыздарымызды да бағалай білейік! Алдыңғы буын өкілдері қыздарға кінә артып, ал қыздар жауапкершілікті заманға жүктегенде, бар мәселенің тәрбиеде екенін есте сақтаған жөн. Дүниедегі асыл атаулының бәрі күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралады емес пе?! Ал бүгінгі қыз — ертең сүйікті жар, аяулы ана екенін естен шығармағанымыз абзал. Осы өлең шумақтарының әр жолын жадында ұстағаның жөн, егер жақсы адам атанғың келсе, қызым:

- Ей, қыздар!

Ұшып қонып, жат қылыққа желікпе,
Өнегелі өскен жанға елікте.

Мода қуып боянғаннан түк шықпас,
Ми болмаса, не тұр дейсің көрікте.

Арақ пенен темекіге жуыма,

Желікпендер ішкіліктің буына.

Жын ойнаққа үйір болсаң опық жеп,
Алданарсың алаяқтың қуына.

Үйір болма мейрамхана, кафеге
Сау басыңды ұшыратар қатерге.

Өмір бойы өкінішпен өтерсің
Бір ұрынсаң түзелмейтін қатерге.

Көше кезіп жүрмеңдерші қаңғырып,
Естіледі қыз жүрген жер жаңғырып.

Отырысқа күндіз кетіп үйіңнен,
Келіп жүрме қисалақтап таңға ұрып.

Өзің келіп жігіттерге ұрынба,
Елең етсең, атың шығар қырымға.

Әзіл айтқан мас жастарға қадірің,
Жауап қатпа, есің болса бұрылма.

Еске алыңдар бұл өмірдің сабағын,
Жетілдіріп ой-өрісін сананың.

Дұрыс, теріс жағын ойлап білсін деп,
Барлық қыздар сабағына саламын.

Қыздарға!

Өмір қатал көтермейді ойынды,
Ұқпайды да кейде ізгі ойынды.

Тағдыр жолың жіңішкелеу өмірде,
Жаман аттан аулақ ұста бойынды.

Қыз ғұмырың үлпілдеген гүлдермен,
Тербетілген ақ самалмен, күнменен

Абайлап жүр ерте үзуге тым ғұмыр,
Тасбауырдан қадіріңді білмеген.

Байқа ботам өте нәзік жаныңды,
Аңқау болма, қызыққа көп салынба

Кір келтірме қыз атыңа, арыңа

Шалыс басып, түсіп кетпе жалынға.

Төтеп берсін дауылдарға желкенің
Сарқылмасын бал қылықты ертеңің

Күрес еркем, жаман аттан жасымай,
Күндей нұрлы болу үшін ертеңің.

Ата-бабаларымыз қыз баланы жастайынан еркелетіп, бетінен қақпай, еркелеп қал, ертең бір үйдің иесі боласың, бар ауыртпалық өзіңе түседі, соны қазірден санаңа түйе бер деп үйреткен. Қыз баланы үй жұмысына, тамақ істеуге, кісі күте білуге тәрбиелеген.

Ұстаздар — асыл жандар



**Бакыт Серікқызы
АСУБАЕВА,
«Zerdesht» зияткерлік
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Мақсаты: оқушыларға ұстаздарының тәрбиесі мен еңбегін дәріптеу, білім мен біліктіліктің ұстаз еңбегінен бастау алатынын саналарына жеткізу.

Барысы:

(Сахна сыртында оқылады):

Данышпан да, дана да оқып сенен,
Атақ-даңқын асырды бар әлемнен.

«Ұстаз» деген аяулы, асыл жанды,
Жақсы көрем, арнаймын жақсы өлең!

(Музыка ойналады, екі жүргізуші шығады)

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті де аяулы ұстаздар!

Бүгінгі «Ұстаздар — асыл жандар» атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Мерекелік кешімізді ашу үшін, алғашқы құттықтау сөз кезегі мектеп директорына беріледі.

«Байтақ елім — Қазақ Елі» әні орындалады.

1-жүргізуші: Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса бүгінгі күн ұстаздарға арнамақ.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын

қалаған ұстаздар қауымы, төл мерекелеріңіз құтты болсын!

2-жүргізуші: Денсаулықтарыңыз мықты болсын! Шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын, біздей шәкірттеріңіз көп болсын!

Бірге: Мерекелеріңіз құтты болсын!

«Қазақ биі» орындалады.

1-жүргізуші: Менің ойымша, кез келген адам ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер — тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз — ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек.

2-жүргізуші:

Ұстаз болу — жүректің батырлығы,

Ұстаз болу — сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу — мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы, - деп, ақын Ғафу Қайырбеков атамыз жырлағандай, біздің мектебімізде сөзі маржан, үні ән ұстаздарымыздың бар болғанын мақтаныш етемін.

Әрине, ұстаз жүгі ауыр. Адамның жандүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу — бұл нағыз шеберлік емес пе?

1-жүргізуші:

Ендеше, ұрпақпен өмір жолы жалғасады,

Көңілді күндер тусын алдан әлі.

Ән-шашу, әсем әуен, түрлі өнер,

Бүгінгі күн сіздерге арналады!

Аяулы ұстаздар, оқушылардың жүрегінен шыққан ән-жырларын қабыл алыңыздар! (Ақын оқушылар өз өлеңдерін оқиды)

Біржан салдың «Ләйлім шырақ» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Күллі өнерін жеткіншекке арнаған,
Мұғалімді ардақтайды барша жан.
Ол мектептен шықпаса да қыс-жазы,
Жемісі оның жердің жүзін шарлаған.

1-жүргізуші:

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!
Шәкіртке шындай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар!

2-жүргізуші: Екеуіміз ұстаздар тура-
лы нақыл сөздер айтып жарысып көрсек
кайтеді?

1-жүргізуші: Ендеше, бастайық!

1. «Ұстаз болу — өз уақытын аямау, өз-
генің бақытын аялау»;

2. «Ұстазға қарап шәкірт өседі»;

1. «Аспаз көрген ат таныр,

Ұстаз көрген хат таныр»;

2. «Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла»;

1. «Ұстазы жақсының — ұстамы жақ-
сы».

1-жүргізуші: Сіздерге көп рахмет, аяу-
лы да мейірбан ұстаздар. Денсаулықта-
рыңыз мықты болсын!

«Ұстазым» әні орындадады.

1-жүргізуші:

Ұлылықтың ұйытқысынан жаралған,
Өнегеннен барлық шәкірт нәр алған.
Шапағатты шуақ сепкен ұстаздар,
Өнеріңнен бастау алар әр арман.

2-жүргізуші:

Ұстаз мейірімі — ана мейірімімен пара-
пар,

Тұла бойға қуат болып таралар.

Көп жасандар, өмірге шуақ болып,

Бас иеміз, ұлағатты ұстаздар!

1-жүргізуші: Қадірлі көрермен қауым!
Осымен «Ұстаздар — асыл жандар» атты
мерекелік концертімізді аяқтай келе, қо-
рытынды сөзді мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына ұсы-
намыз.

Зияткер ұрпақ – ұлттың үміті



Айдана
Қасымқызы
ӘШІМОВА,
«Zerdesh» зияткерлік
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

Мақсаты: топтық сайыс өткізу арқылы
оқушылардың білімін анықтау, өнерлерін
тамашалау. Оқушылардың білімге деген
құштарлығын арттыру.

Көрнекіліктер: нақыл сөздер, өлеңдер.

Әдісі: сайыс.

I. Кіріспе бөлім: «Зияткер ұрпақ — ұлттың

үміті» атты сайысымызға қош келдіңіздер.

Мұғалім:

Ал, келіндер, келіндер,

Біріңе-бірің еріндер.

Білімінді тексеріп,

Ойынға қатысып көріңдер.

Ортаға ойынға қатысушыларды шақы-
рамыз.

Сайысымыз бірнеше кезеңнен тұрады.

Олар:

1. Таныстыру. Топтың аты. Ұраны;

2. Ребус шешу;

3. Мәнерлеп оқу;

4. «Білімді топ» сайысы;

5. «Тенге ілу» ойыны;

6. Көрініс;

7. «Мақалдың жалғасын тап»;

8. Сөз құрақ.

- Олай болса, құрметті қонақтар, сайысымыздың әділ бағасын берер әділқазылар алқасын сайлап алайық.

II. Негізгі бөлім:

1. Әр топ өзін таныстырып, ұрандарын айтады;

2. Ребус шешу;

3. Мәнерлеп оқуға кезек береміз;

4. Сұрақ-жауап сайысы бойынша оқушыларымыздың білім сапасын анықтаймыз. «Білімді топ» сайысы.

1-топ

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл? (Қазақ тілі)

2. Көру мүшесі. (Көз)

3. 100 жыл. (Ғасыр)

4. Жылдан құр қалған жануар. (Түйе)

5. 9 мамыр қандай күн? (Жеңіс күні)

6. Үш биді атандар. (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)

7. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің авторы кім? (Абай)

8. Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр қыздар. (Әлия, Мәншүк)

9. Абайдың әжесі кім? (Зере)

10. Заттың санын білдіретін сөз табы. (Сан есім)

11. Абайдың әжесі ертегіні қалай бастаушы еді? (Бұлдыр-бұлдыр күн өткен, бұрынғыда кім өткен?)

12. Қабанбайдың азан шақырып қойған есімі кім? (Ерасыл)

13. Күн мен түннің теңелетін күні. (22 наурыз)

14. Буын деген не? (Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады)

15. «Таяқ тастам жер» тіркесі қандай мағына береді?

5. «Теңге ілу» ойыны.

- 1 жұмыртқа 5 минутта піседі. 3 жұмыртқа неше минутта піседі? (5 мин)

- Отбасында 3 ұл бар. Олардың әрқайсының бір-бір қарындасы бар. Отбасында неше бала бар? (4)

- 5 үйрек ұшып барады. Біреуін атып түсірді, нешеуі қалды? (4)

- Төрт бұрышты үстелдің бір бұрышын кескенде неше бұрыш болады? (5)

6. Әр топтың сахналық көріністерін тамашалайық.

I топ. В. Сухомлинский «Ақ шаш»;

II топ.. «Не тәтті?»

7. Мақалдың жалғасын тап.

1. Ананың көңілі балада, (баланың көңілі далада)

2. Әке — асқар тау, ... (ана — бауырындағы бұлақ, бала — жағасындағы құрақ)

3. Ана — біздің күніміз, ... (біз — ананың гүліміз)

4. Қарға баласын аппағым дер, ...(кірпі баласын жұмсағым дер)

5. Адам болатын бала... (алысқа қарайды)

6. Ердің анасы —... (елдің анасы)

7. Кітап — білім бұлағы, ... (білім — өмір шырағы)

8. Оқусыз білім жоқ, ... (білімсіз күнің жоқ)

9. Білекті бірді жығар, ... (білімді мыңды жығар)

10. Еңбек етсең ерінбей ... (тояды қарның тіленбей)

Мұғалім:

Даусың қандай сырлы еді,

Табиғатты тыңдатқан.

Көркің қандай сырлы еді

Таң шолпанмен астасқан, - демекші, **ән шашуға** кезек береміз.

8. «Сөз құрақ» ойыны.

- Аналарың сендерді қалай еркелетеді?

- «Құлыншақ» сөзінен мағыналы бірнеше сөз құраңдар. 1 минут уақыт беріледі.

Қорытынды.

Әдептілік – әдемілік



**Гүлмарал
САЙЫН,**
**«Zerdesh» зияткерлік
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.**
**Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларды карапайымдылыққа, адамгершілікке, әдептілікке, кішіпейілділікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету;

Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру;

Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Тәрбие сағатының көрнекілігі: суреттер, ұлағатты сөздер, теңге-сұрақтар, гүлдің макеттері, слайдтар.

Әдісі: сұрақ-жауап, өлең оқу, жағдаяттар шешу.

Тәрбие сағатының барысы:

1. Кіріспе бөлім. Мұғалімнің сөзі: Құрметті оқушылар! Адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, кішіпейілділікті, үлкенді сыйлауды үлкендер үйретеді. Адам болатын бала – барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман әдеттерден аулақ болуға тырысуы керек. Бүгін біз сендермен «Әдепті бала» қандай болуы қажет екенін ортаға салып, ой бөлісеміз.

1-жүргізуші: «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдеттен», - дейді халық, әдепті болу үшін иманды, кішіпейіл, көпшіл болу керек.

2-жүргізуші: Әрбір адамның әдептілігі оның сөзінен, көзінен, өзінен байқалады. Иманжүзді, әдепті адам күндей күлімдеп, жарқырап сөйлейді.

Мұғалімнің сөзі: Балалар, ондай болса бәріміз бүгінгі тәрбие сағатымызды жақсы көңіл-күймен бастайық.

Мұғалім сөзі: «Әдептілік – әдемілік» атты тәрбие сағатымыз ауызша журнал түрінде өтпек.

1-беті: Сәлем – сөздің анасы.

1-оқушы: Адам баласы қашанда тыныш, бейбіт, бас аман, бір-бірімен тату-тәтті сыйласып өмір сүруді аңсаған. Соның негізінен сәлемдесу әдебі қаланған.

2-оқушы: Сәлемдесудің кереметі – адамдардың жылы мейірі мен кең пейіл көрсетуінде. Достықты, жақындықты білдіреді.

3-оқушы: Мектепке келген ересек адамдардың бәрімен «Сәлеметсіз бе!» деп амандасу керек.

4-оқушы: Көшеде, мектепте, үйде тағы емес адамдар, үлкен кісілер мен мұғалімдер кездесе не дейміз?

5-оқушы: Дастархан үстіне кірген кісі дауыстап сәлемдесуі жөн.

6-оқушы: Дүние жүзінде сан халықтың сәлемдесуі де әр түрлі болады екен:

7-оқушы: Ауғандар қолын маңдайларына тигізіп, иіліп ізет жасап, сәлемдеседі екен. Олары басымыз аман болсын дегендері.

8-оқушы: Тибеттер тіптен қызық, бір-бірімен амандасқанда, оң қолымен бас киімін алып, сол қолын құлағының артынан ұстап, тілдерін шығарады екен. Бұлары көңілім орнында деген екен.

9-оқушы: Қытайлықтар өз қолын, өзі қысып сәлемдеседі екен.

10-оқушы: Америкада бір-бірін құшақ-

тасып сәлемдескен. Бұл олардың бауыр-машылдығын көрсетеді.

11-оқушы: Француздар бір-бірінің маңдайын сүйіп амандасқан.

12-оқушы: Үнділер екі қолын түйістіріп иіліп сәлем берген. Олар өте кішіпейіл, сыпайы болып келеді.

13-оқушы: Ал өзіміздің қазақ халқының келіндері өзі келген жеріне тізесін бүгіп, қолын кеудесіне қойып иіліп сәлем береді.

14-оқушы:

Сыйлап сәлем беремін көршілерді көргенде,

Ізетпен бас иемін үйге қонақ келгенде.

15-оқушы:

Алты жасар бала алыстан келсе,

Алпыс жастағы ата сәлем береді.

2-беті: Үлкенге құрмет, кішіге ізет!

1-оқушы:

Жабырқауды білмейміз,

Жалқаулықты сүймейміз.

Біз талапты жас ұлан,

Үлгі аламыз жақсыдан.

2-оқушы:

Ата-ананың тілегі,

Адам болып өскенің.

Адамдықтың тірегі,

Адал болып өскенің.

3-оқушы:

Кім үлкенді сыйласа,

Кім үлкенді тыңдаса,

Сыйлы болмақ өзі де,

Үлкен болған кезінде.

4-оқушы:

Сыйла үлкен кісіні,

Қамқорлыққа ал кішіні.

Сақта көше тәртібін,

Бағдаршамның ал тілін.

«Жалғастыр» ойыны ойналады.

Не істеуге болмайды:

- Үлкендердің алдынан	(кесіп өтуге болмайды)
- Кішкентай баланы	(жылатуға болмайды)

- Құстарды	(атуға болмайды)
- Сабақтан	(кешігуге болмайды)
- Сыныпта	(айқайлауға болмайды)

Не істеу керек:

Үлкен кісіні	(сыйлау керек)
Үлкеннің тілін	(алу керек)
Үлкендерге	(сәлем беру керек)
Кішілерге	(қамқор болу керек)

«Айгөлек» биі орындалды.

3-беті: Өмірдегі барлық жылу — ата-анадан.

1-оқушы: Ей, перзентім, ата-ананы құрметтеуің қажет екенін ақыл-ой, парасат тұрғысынан байқап білгейсің. Өйткені әрбір перзенттің тегі — ата-ана ғой.

2-оқушы: Ей, перзентім, ата-ананды ешқашан ренжітуші болма... Олардың көңіл-күйіне қаяу салып, қапаландырмағын.

3-оқушы:

Әке деген — биік шыңы адамның,

Әке деген — тірегі ғой ғаламның.

Әке деген — бойында аққан қаның да,

Шыққан тегің, ол негізің, жаның да.

4-оқушы:

Ата деген — адамға атамекен,

Әр адам анасымен адам екен.

Бір өзіңе көрсеткен жақсылығы,

Бір күнгі ұйқыңнан садаға екен!

5-оқушы:

Ана, сен — алтын күн шуағы,

Ана, сен — өмірдің бұлағы.

Жүрекке ақ жарқын сол бейнен,

Сөнбейтін асыл нұр құяды.

6-оқушы: Ананды Меккеге үш рет арқалап барсаң да қарызыңнан құтыла алмайсың.

7-оқушы: О, ата-анам!

Таянышым, тірегім!

Бар бақытты бір басыңа тіледім.

Бізді жақсы болса екен деп қашанда,

Лүпілдейді сенің қамқор жүрегің.

Ата-аналарға сұрақ: Бала сіз үшін кім?

1. Балаңыздың қандай жағымсыз, жат

қылықтан аулақ болғанын қалар едіңіз?
Теріс қылықтары үшін қандай жаза қолданасыз?

2. Балаңыздың қандай жақсы істері мен әрекеттерін басқа балаларға үлгі етер едіңіз?

3. Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде мектептің жауапкершілігі басым ба?

4. (Ситуациялық сұрақтар)

«Әке» әні орындалады.

4-беті: Әдепті бала – арлы бала.

Ұстаздың, ата-ананың алдында шыншыл бол.

Үлкендердің ақыл-кеңесін тыңда.

8-оқушы:

Атам менің әрқашан,

Кішіпейіл бол деген.

Ақыл сөзі санамда,

Мақтанбауды жөн көрем.

9-оқушы:

Атам менің әрқашан,

Бол дейтұғын бауырмал.

Мынау байтақ ғаламда,

Қаншама дос, бауыр бар.

10-оқушы:

Атам менің әрқашан,

Мейірімді бол деген.

Ақыл сөзі санамда,

Жасы үлкенге жол берем.

11-оқушы:

Атам менің әрқашан,

Ынтымақшыл бол деген.

Бірлік болса адамда,

Шын бақыт қой ол деген.

Көрініс: Не деу керек?

12-оқушы:

Апаң сенің базардан,

Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін, жақсысын,

Саған таңдап әперді.

Не деп барып жеу керек?

Хормен: «Рахмет» деп жеу керек.

13-оқушы:

Балалар жүр көшеде,

Естіледі шу, айқай.

Сен де, шықтың, көршінді.

Қағып кеттің байқамай.

Мұндайда не деу керек?

Хормен: «Кешіріңіз» деу керек.

«Құпия хаттарға» жауап беру.

«Киелі домбыра» биі орындалады.

Мақал-мәтел айтқызу.

Ой қорыту бөлімі. (Әдепті бала қандай болады?)

«Болайықшы осындай» әні хормен орындалады.

Мұғалімнің қорытынды сөзі.

Алматы – менің жүрегімде



Жанат
Серікжанқызы
САДЫКОВА,
«Zerdesh» зияткерлік
мектебінің ағылшын тілі
пәні мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

Тәрбие сағатының мақсаты:

Білімділік: оқушыларға Алматы қаласы туралы, оның тарихы туралы баяндап, қазіргі кезге дейінгі дамыған көрікті жерлерін және қаланың өркендеуін көрсету және таныстыру;

Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеру, шығармашылық ізденісін қалыптастыру, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасатуға үйрету, елжандылық сезімін

калыптастыру;

Тәрбиелік: оқушыларды Отанды сүйуге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін білгізу және өз қаласын жақсы білуге, тарихын терең ұғынып, туған қаласын сүйуге, отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: мерекелік іс-шара.

Көрнекілік: қала көріністері бейнеленген суреттер, бейнеролик, газет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Әнұранды орындау.

Мұғалім сөзі:

- Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қадірменді қонақтар! Бүгінгі «Алматы — менің жүрегімде» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Ашық тәрбие сағатымыздың мақсаты — Алматы туралы және оның тарихы, сонымен қатар қазіргі кезге дейінгі дамыған көрікті жерлерін және қаланың өркендеуін көрсету және таныстыру.

Аты аңызға айналған Алматы шаһары, ең алдымен, Алатаудың баурайынан сан-тарау болып созылған көшелерімен көрікті. Екі жиегінен сылдырлап аққан тау суы мен көк желек көмкеріп, әсем ғимараттарды жағалап көкорай баулар мен алмалы бақтарға ұласып жататын саялы көшелер қала құрылысымен бірге күн сайын құлпырып өсіп келеді. Алматы бізге тәп-тәтті алмаларымен белгілі. Алматыда ірі орталықтар бар, экспонаттар көп. Алматы өте әдемі, сұлу, көркем. Қала көшелері түзу, кең, жарық. Саябақтар мен демалыс үйлері бар. Жазы ыстық емес, қысы жылы.

1-жүргізуші:

Алматы — шах-шаһар, мәңгі астана,

Алатау — аппақ шыңы қар жастана.

Тұрады жас сұлудай сылаң қағып,

Осындай жұмыр жерде бар ма, қала, - деп жырлай келе «Алматы — менің жүрегімде» атты әдеби-сазды монтажды кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

2-жүргізуші:

Алматым — алтын дән қалам,

Өзінді білер бар ғалам.

Өзінді жырлап ақындар,

Әншілер әсем ән салған.

1-жүргізуші:

Уа, халқым, мынандай бір жайды ұсынам:

Әлемнің көз салсам да қай тұсынан,
Тегеран, Бағдат, Лондон, Париж, Пекин,
Алматым кем бұлардың қайсысынан?

2-жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй.

«Алтын бесік — туған жер» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Туған елге ететін арын қорған,

Ағалар жүрегінде жалын толған,

Даналар Алматыда өмір кешкен,

Атағы жер жүзіне мәлім болған!

2-жүргізуші:

Тарт күйінді, домбыра!

Төгіл, төгіл тәтті күй,

Тау суындай сылдыра,

Желпін, желпін, жел соқтыр! - деп Жетісудің алып ақыны І. Жансүгіров сипаттағандай, оқушыларымыздың домбырасынан күмбірлеп төгілген «Балбырауын» күйін қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші:

Алматым — туған қалам,

Сондай-ақ тамаша,

Ертегі сияқты.

Суреттеп қараса.

Арнадым әнімді

Көркіне жараса, - дей отырып, «Жаса, жаса» әнімен оқушымыздың өнерін тамашалаңыздар!

2-жүргізуші:

Алматының алмасы,

Күннің қызыл түсіндей.

Алматының алмасы,

Қырдың қызыл гүліндей, - демекші, «Алматының алмасы» әнімен оқушымызды қарсы алыңыздар!

Әдеби монтаж.

1-жүргізуші:

Әншіде құс үні бар,

Кірсең кештің сәні бар.

Салайықшы шарықтап.

Алматының әніне,

Ал ағайын тұрмайық,

Алматыны жырлайық, - дей келе, оқушымызды «Алматының түндері-ай» әнімен сахна төріне шақырамыз.

«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.

Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні!



**Каламкас
Базарғалиевна
СИСЕНГАЛИЕВА**
Тасөткел орта
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Тасөткел ауылы,
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.

Мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Қазақ билерінің нақыл сөздерін насихаттау арқылы оқушы бойына адамгершілік қасиеттерді ұялату. Ана мен бала арасындағы сыйластық қарым-қатынасты нығайту.

Барысы: кіріспе.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың молығатын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін, Көңілдің кеңітін кезеңі — наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын! Бүгінгі Ұлыстың Ұлы күніне арналған «Наурыз берекем, наурыз мерекем» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер.

Көктің тынысын тындап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған.

Олай болса, Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Барыс жылы ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл мен береке орнасын, - дей келе, Ұлыстың Ұлы күніндегі тойымызға арнайы келе жатқан қонақтарымызды қошеметпен қарсы алайық

Ұлы жүздің биі — Төле би және оның ауылдастары.

Орта жүз биі — Қазыбек би және оның ауылдастары.

Кіші жүз биі — Әйтеке би және оның ауылдастары төрден орын алыңыздар (аналары қастарына жайғасады)

Қош келдіңіздер құрметті тойшы қауым. Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын. «Жаксы сөз жарым ырыс» деп той пердесін батаменен ашайық.

Бата айтады:

Жүргізуші:

- Билеріміздің баталары қабыл болсын.

Ақ көңілмен, ниетпен,

Әділ баға берсін деп,

Шаршамай еш жалықпай,

Айтқанына көндік деп,

Әділқазы алқасын сайлап алған жөн болар.

Бізге бүгін төрелік етуге үш биімізді және әр ауылдан бір-бір анамызды сайлаймыз.

Сайыстың шарттарымен таныстырып өтейік.

1. «Сәлем — сөздің анасы» (таныстыру);

2. «Бәйге» (сұрақ-жауап);

3. «Өнерлі өрге жүзер» (өнер көрсету);;

4. «Ас — адамның арқауы» (ұлттық тағам)

5. «Он саусағы майысқан шебер болар ұрпақпыз» (қолөнер).

Деген екен Қазақ халқы «Сәлем — сөздің анасы»,

Біледі оны еңкейген қарт, еңбектеген баласы.

Амандасу — ізгіліктің, сыпайылықтың белгісі.

Сәлем достар! Амансың ба? Қалайсың? — деп, сайысымыздың бірінші бөлімін бастайық.

1. «Сәлем — сөздің анасы» (таныстыру)

(аналары мен қыздарының таныстыруы)

- Әділ қазы алқаларына, билерімізге сөз кезегін береміз.

Қазақтың салтында қонақ кәде деген болады. Яғни келген қонақ өз кәделерін ұсынады. Яғни өнерлерін ортаға салады.

Ендеше, Төле би ауылының қонақтарын ортаға шақырамыз.

«Көктем келді» әні орындалады.

Ақылдылық қыздарға жарасады,

Көзі ашықпен бәрі де санасады.

Келесі сұрақ-жауап сайысында,

Сыналар білімі мен парасаты, - дей отырып, келесі кезекті **«Бәйге»** бөліміне береміз.

1. Сүйінші — Жақсы хабар жеткізетін кезде жасалатын рәсім. Немерелі болған әже сүйінші сұратып, жас балалар мен келіндерін жан-жаққа жібереді.

2. Наурыз көже дегеніміз не? — ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде **наурыз** тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем **дегенде** жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс.

3. Отпен аластау себебі не? (От киелі сондықтан «алас-алас пәледен қалас!» деп айналаны отпен аластап, тазалайды.

4. Тоқым қағар — Бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылағанда өткізіледі.

5. Ата-бабаларымыз амандасқанда не себепті «Мал-жан аман ба?» деп сұрайтын. (Малдың орны ерекше екенін ұғындырады. Кисе киім, жесе тағам, мінсе көлік — тіршіліктің көзі болғандықтан. Малды ерекше құрметтеген.

6. Наурыз төл — Наурыз айында туған төл (төл басы деп аталады)

7. Наурызшешек — (Наурыз айында гүлдейтін көпжылдық өсімдік)

8. Наурыз көжені тоя ішу — қандай ұғымға байланысты қалыптасқан? («Жыл бойына тоқшылық болсын» деген ырымға катысты)

- Әділ қазы алқаларына, билерімізге сөз кезегін береміз.

Келесі Қазыбек ауылынан қонақ кәде сұраймыз.

Мәнерлеп оқу

Біздің халық өнерпазға бай халық,

Әнші деп те, биші деп те айтайық.

Талаптары таудай екен, ал енді,

Өнерлерін көрсетсе егер қайтеді, - деп «Өнерлі өрге жүзер» кезеңіне берейік.

(Әр жұп өнер көрсетеді)

- Әділ қазы алқаларына, билерімізге сөз кезегін береміз.

Келесі Әйтеке би ауылынан **қонақ кәде** сұраймыз

Құрт бауырсақ шашылып,

Наурыз тойы ашылсын.

Аналардың қолынан,

Дәмді тағам шашылсын, - деп **«Ас — адамның арқауы»** кезеңіне береміз.

- Әділ қазы алқаларына, билерімізге сөз кезегін береміз.

Алтын анам жасымнан аялаған,

Мен үшін игілікті аямаған.

Бар білгенін баласына,

Үйретуден шаршамаған, - деп, келесі кезекті **«Он саусағы майысқан шебер болар ұрпақпыз»** (қолөнер) Ақ бет беріледі ою өрнек ояды.

- Әділ қазы алқаларына, билерімізге сөз кезегін береміз.

Әділ қазы алқаларының шешімі шыққанша Билеріміздің нақыл сөздеріне кезек берейік

Марапаттау. Құттықтау сөз кезегін мектеп директорына, ата-аналарға береміз.

Ұланьмыз ұлы елдің



**Жанар Берікқызы
СЕРҒАЗИЕВА,
Тасөткел орта
мектебінің
информатика
пәні мұғалімі, аға
тәлімгері.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.**

Мақсаты: Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. «Жас ұлан» ұйымының қатарына мектеп оқушыларын қабылдау.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының рәміздері, қанатты сөздер, гүл шоғырлары, стенд, т.б.

Жүргізуші: Қайырлы күн оқушылар және ұстаздар, мектеп әкімшілігі. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиынына қош келдіңіздер! Тәуелсіз ел аясында, бейбіт өмірдің, қамқор Отан-ананың құшағында бақытты балалық күндерін кешіп жүрген жас достарымызды «Жас ұлан» ұйымының қатарына қабылдау салтанатына куә болмақпыз.

Олай болса назар аударыңыздар!

Түсініп терең, өмірдің мәнін,
Жалынды жастар, сендерсің сәнім.
Беретін бойға күш-қуат, жігер,
Шырқалсын шаттық әнұран әнім!

Әнұран орындалады.

Бүгінгі жиынымызға мектебіміздің 5-сынып оқушылары «Жас ұлан» ұйымына, яғни 10 оқушы және «Жас қыран» ұйымына 2-сыныптан 8 оқушы қабыл-

данбақшы. «Жас Ұлан» галстугы сәндік үшін тағылмайды. Ол оқушының «Жас Ұлан» ұйымының мүшесі екендігін білдіретін құрметті белгі. Ал, «Жас Ұлан» болу үлкен абырой мен сенім. Ендігі кезекті құрметті қонақтар «Жас Ұлан» ұйымының галстугы және «Жас қыран» ұйымның төсбелгілерін ұландарымызға тағайық. «Жас ұлан» және «Жас Қыран» ұйымы қатарына қабылданған оқушыларымызға төсбелгі және галстук тағу үшін құрметпен мектеп директоры, мектеп директорының орынбасары мен ардақты ұстаздарымызды, мектептің үздік оқушыларын ортаға шақырамыз.

(Төсбелгі, галстук тағылады)

Отанының ер ұланы,
Жер қайысқан қалың қол.
Тәуелсіз ел ұланы,
Уәде беруге дайын бол!

Салтанатты түрде уәде беру рәсімін бастаймыз.

Мен _____

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына кіре отырып:

- Өз Отаным — Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
- Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;
- Туған елім, жерім, Отанымды мақтаныш етуге;
- Ата-анамды қадірлеуге;
- Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
- Білімге табандылықпен ұмтылуға;
- Салауатты өмір салтын ұстануға;
- Табиғатты аялауға;
- «Жас Ұлан» Ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымнан талап етуге;
- Біздің жерлестеріміздің даңқты ер-

лігі, өнегесі негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге салтанатты түрде

Уәде беремін! Уәде беремін! Уәде беремін!

Білімді көкіректе нұр деп түсін,
Жігерім, жалынды отты жыр деп түсін.
Аталған мақсат талап ережені,
Орындауға бәрің де міндеттісің!

Ендігі кезекті құттықтау сөзге береміз.

1. «Жас Ұлан» — Қазақстанды сүйеді.

«Жас Ұлан» — мектепте үздік оқиды.

«Жас Ұлан» — үлкендерді құрметтейді.

«Жас Ұлан» — тек шындықты айтады.

«Жас Ұлан» — спорт пен еңбекті ұнатады.

«Жас Ұлан» — болашақ «Жас Отан».

2. Егеменді еліміздің тірегі,

Мектептің болашағы жігері.

Достық пен татулық тілегі,

«Жас Ұлан» ұйымының біз түлегі.

3. Ризамын деп осындай жастық шаққа,

Не жетер «Жас Ұлан» деген лайық атқа.

Келеміз егеменді ел төріне өрлеп,

Ашылып алдымыздан алтын қақпа.

Жүргізуші: Біз Тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландары өз жерімізді, өз елімізді, өз Отанымызды қадірлеп, қастерлеуге мәңгі сүйеге әрқашан қолдап-қорғауға уәде етеміз.

Назар аударыңыздар!

«Жас ұлан» ұйымының Гимні шырқалады.

Бүгінгі «Жас ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестігіне салтанатты қабылдау рәсімі аяқталды. Бүгінгі салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз.

Еңбек түбі – береке

Сабақтың мақсаты: «Еңбек» адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

Сабақтың міндеттері:

- еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру;

- еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту;

- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;

Көрнекіліктері: нақыл сөздер, суреттер, т.б.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, топтық жұмыс, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс.

Сабақтың барысы: Сөзжұмбақ шешу арқылы сабақтың тақырыбын анықтап, мақсатын айқындау.

- Жарайсындар, балалар! Бүгінгі сабағымыз еңбек туралы болмақ.

Мұғалім:

- Еңбек адамға білім алуға, маман иесі

болуға керек екен. Еңбек етсең, қарның тоқ болады, киімің көк болады.

- Адам бойында қандай қасиеттер болғанда жетістіктерге жетуге болады?

Адал, еңбек сүйгіш, жалқау болмағанда, көп оқығанда, үлкенді тыңдағанда.

Еңбектің пайдасы — тәрбиелейді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сүруге үйретеді, үнемшіл болуға баулиды, жігерлендіреді, шынықтырады. Иә, балалар, еңбек етсең, ерінбесең барлық мақсат-мұраттарға жетесіңдер.

Еңбек — қуаныш, жалқаулық — айырмас азап, деген екен Абай атамыз.

Мақал-мәтел. Енді балалар бәріміз тақтаға назар аударайықшы.

«Еңбек түбі — зейнет», «Жақсы жұмыс — жанға тыныс», «Еңбексіз өмір — сөнген көмір», «Еленген еңбек өнімді» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?

1. «Еңбек түбі — зейнет». Еңбек әрбір адамды зейнетке жеткізеді. Еңбек етсең еш нәрседен кем болмайсың. Еңбек етсең барлық нәрсеге қол жеткізесің. Балалар сендердің еңбектерің сабақты жақсы оқып, әке — шешелеріңді қуанту. Жалқау, еріншек балалар үнемі 2, 3 бағаларын алып жатады. Өйткені олар еңбектеніп оқымайды;

2. «Жақсы жұмыс — жанға тыныс». Әрбір адам жұмысын бар ынтасымен тыңғылықты етіп жасаса, өзі де оған қасындағы жолдастары да риза болмақ;

3. «Еңбексіз өмір — сөнген көмір». Көмір отын екенін білесіңдер балалар. Ол жылыту үшін қажет. Ол жанбаса жылу болама? Әрине жоқ. Сол сияқты еңбек етпеген әрбір адам жылусыз сөнген көмір сияқты;

4. «Еленген еңбек өнімді». Еңбек еткен адамның еңбегі елеусіз қалған емес. Олардың аттары тарихта қалады. Мысалы, Қаныш Сәтбаев аталарың көп еңбектеніп аты шықты. Көптеген спортшылар тынымсыз еңбегінің арқасында дүние жүзінде аттары әйгілі болды.

Иә, балалар, айта берсек еңбек туралы мақал да, тиым сөздер де көп. Еңбек түбі — береке, Еңбек етіп жақсы оқитын балалар үнемі шаттанып бізді де, ата-анасын да қуантып жүреді.

Сергіту сәті

Қырға шықсаң, өрлеп. (Қолдарын кезек-кезек жоғары көтереді)

Мұның аты — Еңбек. (Екі қолын жаяды)

Кесте тіксең, зерлеп. (Оң қолымен ине ұстап, тіккен қимылды көрсетеді)

Мұның аты — Еңбек. (Екі қолын жаяды)

Сабағыңды жөндеп (Жаныңдағы көршісіне қарап сол қолын жаяды)

Әзірлесен — Еңбек.

Қиындықтың бәрін (Құшағын ашады)

Еңбек қана жеңбек. (Екі қолын жаяды)

Суретпен жұмыс. Суреттерге қарап, еңбектің түрлерін анықтау.

Мысал әңгіме. «Қара пышақ». Б. Әділов.

Қара пышақ дүкеннен шығып, ас үйге

келген соң тыным таппады. Нан турады, пияз аршыды, әйтеуір тамақ дайындалып, ас қамдалса, қолдан түспейтін болды. Ол жалқау еді. Бала кезіндегі «шалқайып жатсам» деген арманы есіне түсіп, жылап та алатын. Бір күні Қара пышақ ауыр еңбектен құтылудың оңай жолын тапты. Иесінің көзін ала беріп, еденнің жырығына қойды да кетті. «Болды, - деді ол қуанып.

- Енді еңбекті желкемнің шұқыры көрсін!... Ай өтті, жыл өтті. Қара пышақ орнынан қозғалған жоқ. Оның қайда жатқанын ешкім білмейтін еді. Бір күні:

- Әй, туысқан, - деген дауысқа елең етіп қараса, еденнің жарығынан жылтылдаған көз сығалап қарап тұр екен. Бірден таныды, баяғы өзімен бірге жасалған Сары пышақ. Өзі өте көңілді, жүзі жарқ-жұрқ етеді. Сұлуланып кетіпті.

- Төмен секір, - деді Қара пышақ. - Бірге жатайық. Бізді ешкім білмейді.

- Ол жерде не бар?

- Жатамыз, ұйықтаймыз, демаламыз. Ой, қандай рахат!

- Ал жұмысты кім істейді?

- Жұмыс бізсіз де істеледі.

- Рахмет! - деді Сары пышақ.

- Еңбектен қашқанша, тер төгіп өлгенім артық. Еңбексіз өмір — сүреңсіз. Өзің-ақ жата бер, рахатыңа бата бер.

Қара пышақ, орнынан тұрайын деп еді, тұра алмады. Өне бойы тот басқан. Барлық жері сынып бара жатқандай сезінеді.

- Балалар, мысал әңгімедегі Қара пышақ қандай адамға ұқсайды?

- Сары пышақтың қандай ісі сендерге ұнады?

- «Еңбексіз өмір — сүреңсіз» дегенді өздерің қалай түсінесіңдер?

Қорытынды.

Лида Салимгереевна ЖЕТПИСОВА,

Тасөткел орта мектебінің

физика пәні мұғалімі.

Хромтау ауданы,

Ақтөбе облысы.

Әжелер сөзі – ақылдың көзі



**Нүрсәнім
ҚУАНҒАЛИҚЫЗЫ,
Тасөткел орта
мектебінің ағылшын
тілі пәні мұғалімі,
«Сырласу» қыздар
ұйымының жетекшісі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.**

Түрі: тәрбиелік-танымдық сұхбат кеші.

Көрнекілігі: мультимедиялық құрылғы, кештің барысына байланысты әр түрлі слайдтар.

Мақсаты: қазақ салтындағы қыздарға қойылатын қырық жерден тиымдарды айта отырып, қыздарды қазақ қызы деген атқа лайық болуға, ақ жаулықты аналарымыздың пікірлерін тыңдату арқылы қазақ қызы осылай болу керек деген ой қалдыру, қыз балаларды болашақ аналар ретінде отбасының береке-бірлігін сақтауға, мәдениетті, көркі ақылына сай қазақ қыздарын тәрбиелеу.

Жоспар:

- I. Кеш қонақтарымен таныстыру;
- II. Әжелермен сұхбаттасу;
- III. Қазақтың салт-дәстүрі жөнінде мақал-мәтелдер айтқызу;
- IV. Қазақ қыздарына қойылатын 10 түрлі талаппен таныстыру;
- V. Көрермендерге сұрақ-жауап;
- VII. Қорытынды;
- VIII. Қонақ әжелерді дастарханға шақыру, алғыс айту.

1-жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, ақ жаулықты әжелер, ұстаздар және «Сырласу» қыздар ұйымының арулары! Кешімізге келген ақ жаулықты

әжелерімізбен таныстырып өтейік.

2-жүргізуші: Халық қыз бала тәрбиесін 4 ұғым: адал мен арам, обал мен сауап төңірегінде топтастырады. Ұлт дәстүріндегі бір ерекшелік – тәлімдік ақыл-кеңесті жас ұрпақ санасына астарлап, түспалдап жеткізу. Мысалы, «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда».

1-жүргізуші: Қыз бала тәрбиесіне қатысты халқымыздың мақал-мәтелдерінің орны ерекше, тәрбиелік мәні зор.

2-жүргізуші: Ендеше қымбатты қыздар сендерді сынап көрейік! Мен айта-тын мақалды аяқтандар.

- Ата даңқымен қыз өсер,
Мата даңқымен бөз өтер.
- Қыздың жолы жіңішке.
- Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі.
- Ер бала ата-анаға таяу,
Қыз бала үйге жаққан бояу.
- Ұлға отыз үйден тыйу,
Қызға қырық үйден тыйу.
- Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол,
Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол.

1-жүргізуші: Қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген халқымыз «Қызға қырық үйден тыйым, қала берді қара күңнен тыйым» деп білген. «Әйелді сүйіктіге айналдыратын – ар мен ұят» деп санаған халқымыз қазақ қыздарына мынадай 10 түрлі талап қойған:

1. Әдептілік;
2. Ар-ұждан пәк болу;
3. Кеңпейіл, кешірімді болу;
4. Мейір-шапағатты болу;
5. Ақыл-парасатты болу;
6. Сабыр-салмақты болу;

7. Адал, ақжарқын болу;
8. Моральді, мұратты болу;
9. Өжет, батыр болу;
10. Ұят, намысты болу.

1-жүргізуші: «Қыз — өріс, ұл — қоныс» деп білгендіктен қазақ халқы өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «Қызға қырық үйден тыйым» жасайды.

Осы жерде әжелерімізбен бірігіп қыз балаға арналған 40 тыйымды тізбектеп өтсек.

Қызға 40 үйден тыйым:

1. Жарыса сөйлеуге;
2. Жалғыз қыдыруға;
3. Жыртақтап күліп, сыпсындап сөйлеуге;
4. Орынсыз ұрынуға;
5. Басқаларға қол тигізуге;
6. Өтірік, өсекке;
7. Суық жүріс, сумаң қылыққа;
8. Кісіге қарай керіліп есінеуге;
9. Талтайып отыруға;
10. Шалқайып жатуға;
11. Тамақты обырлана асауға;
12. Ұрлық-қарлыққа;
13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге;
14. Бұрандап қылымсуға;
15. Қызыл іңірде жатуға;
16. Түске дейін ұйықтауға;
17. Кісі алдында киім ауыстыруға;
18. Салт-дәстүрден аттауға;
19. Елді ғайбаттауға;
20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға;
21. Ішімдік пен шегімдікке;
22. Ұрыс-керіске;
23. Беттен алып, бет жыртысуға;
24. Қараулыққа, ысырапқа;
25. Рахымсыздық пен қатыгездікке;
26. Түнде суға жалғыз баруға;

27. Өзге жыныстылармен араласып жатуға;

28. Күйеуге қашып тиюге;
29. Әдепсіз сөзге;
30. Тарс-тұрс етуге;
31. Адам мен жануарларды тебуге;
32. Кісіні қорлап жәбірлеуге;
33. Тәкаппарлық пен сайқымазақ жасауға;
34. Айғай сүреңге;
35. Шектен тыс сыланып жасануға;
36. Қызғаншақтық пен күншілдікке;
37. Менмендік пен өзімшілдікке;
38. Алдап-арбауға;
39. Көрсеқызарлыққа;
40. Нәпсіқұмарлыққа тыйым.

«Қазақ биі» орындалады.

2-жүргізуші: Бүгінгі кеш арқылы біз сіздерге нағыз қазақ қызының бойында болуы керек қасиетті көрсете білдік деп ойлаймыз. Әрдайым бойларыңызда қазақылықтың көрінісі шығып тұрады деген ойдамыз. Ешқашан қазақ қызы деген атқа кір келтірмейік! Бүгінгі кештен алған тәлім-тәрбие алдағы уақытта өмірлік жолдарыңызда көмек етеді. Ақ жаулықты аналарымыздың бүгінгі айтқан өнегесін жерде қалдырмайық!

1-жүргізуші:

Гүл өссе, жердің көркі,

Қыз өссе елдің көркі, - дегендей қазақ қызы деген атқа лайық, ата-анаға сөз келтірмейтін, ұлттық дәстүрімізді құрметтеген, инабатты, ибалы, білімді болып өсейік! Қазір қонаққа келген әжелеріміз бен аналарымызға арнап, барлығымыз қосылып **«Анамның ақ жаулығы»** (мультимедиялық тақтадан өлең жолдары көрсетіледі) әнін бірлесе орындайық.

Алтын уақыттарын бөліп, ақыл-кестерімен бөлісіп, шақыруымызды құп алып келген әжелерімізді дастарханымыздан дәм татуға шақырамыз.

Жаңа жылдық кеш

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін.

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Құтты болсын ағайын!

Жаңа жылың тағы да.

Қол соғып қарсы алайық,

Шақырайық ортаға.

Ертеңгілік басталсын,

Балдырған тобында!

(Балалар келіп шыршаны айналып тұрады.

Музыка қосылады, Сиқыршы шыр айналып кіреді)

Сиқыршы: Қарандаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп-әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қалыппыз. Бірақ шыршамыз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Бәрі:

Қуант бізді таңырқат,

Шамдарыңды жарқырат! 3 рет.

(Шырша шамы жанады, Алайқайлап қол соғады)

Жүргізуші: Міне керемет, айтыңдаршы жылда жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді? (Балалардың жауабы) Қанекей енді бәріміз бірге шақырайық:

Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар. *(Аяз ата мен Ақшақар кіреді)*

Жүргізуші: Бәрекелді, қош келдіңдер, Аяз ата мен Ақшақар!

Аяз Ата:

Құтты болсын балалар,

Келген жаңа жылдарың.

Алаңдамай өсіңдер,

Еркелеп ұл, қыздарым,

Өткен жылы келіп ем.

Бәріңді де көріп ем.

Жыл өткізіп келем деп,

Уәдемді беріп ем.

Ойларың мен бойларыңда,

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал мен кіммін айтыңдаршы,

Мені тани алдыңдарма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар: Сәлеметсіңдерме балалар! Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды,

Ақшақармын арайлы.

Жалт-жұлт еткен жүзімнен,

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын,

Қалай тыныш жатпақпын.

Менсіз қыстың сәні жоқ,

Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Балалардың әсем әні де бар, биі де бар. Отыр Ата, сәл дем ал. Ал, балалар, қол ұстасып әнімізді айтайық.

«Келді міне жаңа жыл!» әні орындалады.

Аяз ата: Бәрекелді! Ал, балалар, кім тақпақ біледі екен?

1-бала:

Жаңа жылым жол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрлет, төрлет, жаңа жыл,

Бізге құтты жыл болсын!

2-бала:

Келді тағы жаңа жыл,

Қуантумен біздерді.

Құтты болсын жаңа жыл,

Құттықтаймыз сіздерді.

3-бала:

Жасыл шырша, қош келіпсің,

Сені аңсап жүрдік біз.

Өзіңменен жаңа жылды,

Қарсы алуға келдік біз.

4-бала:

О, жаңа жыл, кел төріме,

Күтіп қана сені біз.

Қуаныштың желкенінде,

Тербеледі еліміз.

5-бала:

Тілеймін мен бар әлемге,

Жаңа бақыт, жаңа жыр.

Әке, ана, ата, әже,

Құтты болсын жаңа жыл!

6-бала:

Әппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

7-бала:

Ақ қар жапты даланы,
Ақ жамылды айнала.
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға.

8-бала:

Жасыл шырша жанында,
Ойнап күліп қайтамыз.
Жасыл шырша жанында,
Өлеңді де айтамыз.

Аяз ата: Ой жарайсыңдар балалар! Неткен керемет.

Жүргізуші: Бұл ғана емес тек балалардың сізге арнаған биі де бар.

«Санта Клаус» биі орындалады.

(Содан кейін жаңа «Қоян» жылы кіріп келеді)

Қоян:

Мен — жаңа жылмын,
Мен — жаңа нұрмын.
Нұрымдыда себейін,
Жырымды да себейін.

Жүргізуші: Кел, Қоян, ортамызға қош келдің! Сені көргенімізге өте қуаныштымыз.

Солай емес пе, Аяз ата, Ақшақар, балалар?

Аяз ата: Әрине, қуаныштымыз, ескі жыл

жаман болмады, енді жаңа жыл «Қоян» жылы құтты жыл болсын!

Жүргізуші: Ендігі кезекте балаларымыздың, яғни ортамызда кішкентай бүлдіршіндеріміз бар. Солардың биін тамашалайық.

«Хоки-поки» биі орындалады.

Аяз ата: Ой, неткен кішкентай биші балалар! Бәрі де керемет.

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар, сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?

Аяз ата: Ой, ұмытшақ басым-ай, әрине, қазір, қазір. (Барлығына сыйлық беріледі)

Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуанып алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың ақылды, білімді, өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің қандай әдемі. Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шықтық. Басқа да балалардың өнерлерін тамашалайық. Ал балаларым сендер өсе беріңдер. Қош болыңдар!

Балалар: Сау болыңыздар. Рахмет сіздерге.

Жұлдызай

ТЫНЫШТЫҚБАЙҚЫЗЫ,

Тасөткел орта мектебі жанындағы шағын

орталық тәрбиешісі.

Тасөткел ауылы,

Хромтау ауданы,

Ақтөбе облысы.

Берекелі Алтын күз!

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыруды жалғастыру. Күз мезгіліндегі өнім көкөністерден көрініс сахналандыру. Балалардың ойын, ән билер арқылы күзгі мерекелік көңіл-күйлерін көтеру. Табиғатты сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, қадірлі қонақтар! «Берекелі Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші:

Біздің елге келіпті ғой, Алтын күз,
Жомарттығын бақылайық бәріміз.

Кім табады, кім айтады?

Қандай екен Алтын күз?

1-бала:

Бүгін мейрам бүгін той,

Қуаныш күн біліп қой.

Күзгі бақтай сыңғырлап,

Алақанды соғып қой.

2-бала:

Сап-сары маңай,
Сап-сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

3-бала:

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады жалтырап.

4-бала:

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

5-бала:

Көбейді құт береке,
Астық толы қоймамыз.
Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

Алтын күз: Сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Мен – Алтын күзбін!
Жайдары, жарқын жүзбін.
Қонаққа келдім сендерге.
Сәбіз, картоп, тәтті алма!
Оған достым таң қалма!
Жапырақ та сиқырлы,
Ойын ойнар түр-түрлі!

Жүргізуші: Рахмет саған, Алтын күз! Жоғары шығыңыз, төрлетіңіз!

Алтын күз, енді балалардың өнерлерін тамашала. Біздің балалардың өзің туралы тақпақтары да, әні де, биі де, ойыны да көп.

6-бала:

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

7-бала:

Қуандырып біздерді,
Өлкемізге күз келді.
Кел жемісті алтын күз,
Кемелденсін халқымыз.

8-бала:

Құстар қайтты, күз келді,
Сұрт бұлт жапты аспанды.
Жапырақ түсіп, гүл солды,

Қараша ызғары басталды.

9-бала:

Күз де келді, күз келді,
Көкте бұлттар жүзді енді.
Күз де келді, күз келді,
Құстар мекен іздеді.

10-бала:

Алқаптағы бидайды,
Қоймаға ел жинайды
Тырнасы тізілген
Ұнатамын күзді мен
«Біздің бау-бақшада» әні орындалады.

11-бала:

Қазан айы молшылық,
Дәулет қорын салады.

Заңғар көкке қол созып,
Құстар ұшып барады.

12-бала:

Жемісті мол беретін,
Күз дос екен біздермен.
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

13-бала:

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

14-бала:

Жайдарлы күз, жомарт күз,
Аяулы күз, алтын күз.
Дәнге толы кең далам,
Дариядай шалқыған.

Жүргізуші: Алтын күз, мына себеттегі сыйлықтарды балаларға таратып берсек бола ма?

Алтын күз: Жоқ бұл сыйды балалар еңбек етіп, тер төгіп, жеңіп алулары қажет. Өйткені күздің сыйлары: жемістер де, көкөністер де тек адамның еңбегінің арқасында болады.

Балалар менімен ойын ойнағыларыңыз келе ме?

Жүргізуші: Ендеше ойын ойнайық. Ойынымыздың аты: «Өнім жинау».

Алтын күз: Жарайсыңдар, балалар. Өздерің еңбекқор екенсіңдер. Мына сыйлық енді сендердікі.

Мен көктемде еккен мол астықты жинап, қамбаларды алтын дәнге, көкөністер

мен жемістерге толтырам. Сондықтан халық мені — **«жомарт күз»** деп те атайды. (Саңырауқұлақ кіреді) Сәлеметсіңдер ме, балалар мені таныдыңдар ма?

Саңырауқұлақ: Сендерді күз мерекесімен құттықтауға келдім. Мерекелеріңіз құтты болсын! Мен ормандағы ең үлкен саңырауқұлақпын, мен бәрін-бәрін білемін. Шын айтамын. Мен сендердің не ойлап отырғандарыңды да білемін. Сендер жаз қайта келсе екен деп отырсыңдар, солай ма?

Саңырауқұлақ: Бірақ жаз қайта оралмайды. Күздің қызығы, берер сыйлығы мол.

Маған арнап би билеп беріңдерші.

«Саңырауқұлақтар» биі орындалады.

«Алтын күз» әні орындалады.

Алтын күз: Рахмет, балалар! Өнерлеріңізге дән ризамыз. Келесі жылы молшылықта, тыныштықта кездесейік.

Айгерім МУРАТОВА,

Тасөткел орта мектебі шағын орталығының тәрбиешісі.

Тасөткел ауылы,

Хромтау ауданы,

Ақтөбе облысы.

Ормандағы Алтын күз

Мақсаты: Алтын күз мерекесін өткізу. Күз туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Көрнекіліктер: залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Жапырақтардың суреттері және т. б.

Тәрбиеші:

Қуандырып біздерді

Мереке келді күз келді.

Кел жемісті алтын күз,

Кемелденсін ел енді.

Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Ормандағы Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз. Мектепалды даярлық тобындағы бүлдіршіндерімізді қарсы алайық! *(Әуенмен қолдарында жапырақтары бар балалар залға кіреді)*

Тәрбиеші:

Жапырақтар сап-сары,

Қонып жатыр жерге кеп.

Қызықтап бау-бақшаны,

Шаттанады бал-бөбек.

Ендеше балаларымыздың такпақтарын тыңдап көрелік:

1-бала:

Жетті желмен алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз.

Жиып теріп болған соң,

Той жасайды халқымыз.

2-бала:

Қамба толды астыққа,

Алғыс саған Алтын күз.

Бір уыс дән шаштық та,

Қап қап қауые алдық біз.

3-бала:

Жел тынымсыз гуілдеп,

Болып кетті тым бұзық.

Шуылдайды тал, терек,

Жапырағын жұлғызып.

4-бала:

Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін.

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек көйлегін.

- Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар, табиғаттың бізге берер байлығы мен берекесін сыйлайтын Алтын күзіміз тағы келді. Олай болса, балалардың орындауындағы «Алтын күз» әнін қабыл алыңыздар.

«Күз әні» орындалады.

5-бала:

Алқаптан бидайды,
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын күзді мен.

6-бала:

Күздің қазан айында,
Алма Алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр сыбдыр түседі.

7-бала:

Ән салындар, күліндер,
Жайнап гүлдей жүріндер.
Күздің тойын тойлайық,
Би билейік, ойнайық.

8-бала:

Қарашы, күз келді, күз келді,
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.

Тәрбиеші: Олай болса, сонау алыстан Күз ханшайымы келіпті.

(Осы кезде себет толы жемістері бар Күз ханшайымы билеп кіреді)

Күз ханшайымы: Сәлеметсіздер ме балалар! Сәлеметсіздер ме қонақтар

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Күз ханшайымы:

Уа, халайық, дархан далам, армысың!
Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін.
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,
Алмақ болып бар халқымның алғысын.

Мен Күз ханшайыммын сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендерге сонау алыстан арнайы келдім. Маған өнерлеріңді көрсетесіңдер ме?

Балалар: Иә.

Тәрбиеші: Қош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет. Біздің балалар ән де, тақпақ та біледі, би де билей алады. Біздің балалардың барлығы ақылды.

Күз ханшайымы: Ондай болса, балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Ағайынды бәрі,

Шықса — жасыл.

Түссе — сары. Бұл не?

Балалар: Жапырақ.

Жүргізуші:

Ән салындар күліндер,
Жайнап гүлдей жүріндер.
Күздің тойын тойлайық,
Би билейік ойнайық.

«Күзгі вальс» биі орындалады.

Күз ханшайымы: Жарайсындар, балалар. Мен жалғыз келмедім, өзіммен бірге досым қоянды ерте келдім. *(Қоян кіріп келеді)*

Қоян: Балалар, Күз ханшайымы менен бұрын кетіп қалыпты, мен артынан жүгіріп-жүгіріп, секіріп-секіріп әрең жеттім. Менің ойнағым келіп тұр. Балалар, менімен ойнайсындар ма?

Балалар: Иә.

Қоян: Ендеше ойынымызды бастайық.

Ойын «Кім жылдам?».

Қоян: Балалар, ойын ұнады ма?

Балалар: Иә.

Қоян: Ал ендеше, балалар, мені қасқыр қуып жетіп алмай тұрғанда мен орманға кетейін. Сау болындар, балалар.

Балалар: Сау бол, қоян.

Жүргізуші: Күз ханшайымы сізге біздің балалардың өнері ұнады ма?

Күз ханшайымы: Иә, өте өнерлі балалар екен.

Берекелі бақ-дәулет,
Арта түссін тойланып,
Сау болындар, балалар,
Келгенше жыл айналып.

Күз ханшайымы қоштасып кетеді.

Балалар: Қош бол, Күз ханшайымы!

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне балалар осымен «Алтын күз» атты ертенгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт-береке тілеймін!

Мөлдір Тілеужанқызы ҚОСАНОВА,
Тасөткел орта мектебінің
мектепалды даярлық сыныбының
тәрбиешісі.
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.